МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №17 (6310) 2 ақпан, бейсенбі, 2023 жыл.

#КүшімізБірлікте

*Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек.*

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК
### халық игілігі үшін қызмет етеді

3

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН




## БҰЛ САЙЛАУДАН БІЗ НЕ КҮТЕМІЗ?

4

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



## «ҮШТІҢ АЙЫ – КҮШТІҢ АЙЫ»

24

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**
*(бүгін және ертең)*

**2.02.2023**

**Түнде:**
**-3-5 °С**
Бұлт көбейе бастайды, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

**Күндіз:**
**+6+8°С**
Бұлтты, күннің соңында жауын-шашын (жаңбыр, қар).

**Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с**

**3.02.2023**

**Түнде:**
**0,-2 °С**
Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман.

**Күндіз:**
**+5+7 °С**
Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).

**Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с**

ПРЕЗИДЕНТ

# ЕЛОРДА ЖАСЫЛ ШАҺАРҒА АЙНАЛАДЫ

## Мемлекет басшысы ел астанасын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді



**Қазақстан Президенті жиында сөйлеген сөзінде Астананың ел дамуындағы орны ерекше екенін атап өтті. Қалаға қойылатын талап та жоғары болады және бұл – тек экономикаға байланысты емес, архитектуралық, урбанистикалық, рухани және әлеуметтік салаға қатысы бар мәселе.**

Қасым-Жомарт Тоқаев қол жеткізген жетістіктерге тоқмейілсімеуді ескертіп, Астананы дамыту жөнінде бірқатар нақты міндеттер қойды. Оның айтуынша, қаланың инфрақұрылымын дәйекті түрде дамыту қажет. Урбанизация үдерісінің қазіргі қарқыны сақталатын болса, елорда халқының саны 2030 жылға қарай екі миллион адамға жетуі мүмкін. Инженерлік инфрақұрылымды кешенді түрде дамыту – басты міндет.

2

БАСПАСӨЗ – 2023

# БҰЛ ГАЗЕТТІҢ ЖОЛЫ ДА, ЖӨНІ ДЕ БӨЛЕК!



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Дәл қазір «Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттеріне жазылу науқаны жүріп жатыр. Мегаполиске қатысты барлық ақпарат, жаңалықтар, қызықты мақалалар осы қос басылымда жарық көреді.**

13

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы SCAT әуе компаниясының президенті Владимир Денисовті қабылдады.
- Президент Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады.
- 2-3 ақпанда Алматыда Үкімет басшысының қатысуымен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кезекті отырысы өтеді.
- Бүгін шаһарда «Digital Almaty 2023» халықаралық форумы ашылады.
- Бүгін БҰҰ өңірлік орталығының басшысы Қазақстанға келеді.
- Ұлттық статистика бюросы: 2023 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан халқының саны 20 миллионға жуықтады.
- Қазақстан ақпан айынан бастап Германияға мұнай жөнелте бастайды.
- Әділет министрлігі: азаматтар мобильді қосымша арқылы ЖШС тез арада тіркеуге мүмкіндік алды.
- ҚР ЕХӘҚМ: 12 мыңнан аса адам «Enbek» қосымшасын жүктеді.
- Үкіметте агроөнеркәсіпті дамытудың жобасы қаралды.
- 6 ақпанда жеңілдетілген автонесиеге өтінім беру басталады.
- Журналистерді қолдайтын қайырымдылық қор құрылды.

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006 >

## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

### ПРЕЗИДЕНТ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады.***

Президентке Ұлттық банктің биыл қаңтарда жүзеге асырған ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есеп берілді.

Ғалымжан Пірматов Қазақстан экономикасының қазіргі ахуалы, іскерлік белсенділік, инфляция факторлары мен оны төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берді. Сондай-ақ, БЖЗҚ, Ұлттық қор және алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы баяндады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ақша-кредит саясатын тиімді іске асырудың және валюта нарығын одан әрі жетілдірудің маңыздылығын атап өтті.

### СЕНАТ

***Сенат депутаттары Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының еңбек дауларын реттеу және келіссөз процесін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіруге қатысты заңды талқылады.***

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң келіссөздерді ұйымдастыруды жеңілдету, келісу комиссиялары институтын, еңбек арбитражын және еңбек дауларын шешудегі кәсіптік одақтардың рөлін күшейту мақсатында әзірленген. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» заңына енгізілетін түзетулер қызметкерлерге еңбек арбитражына ұжымдық еңбек дауын қарау кезеңінде бір сағаттық ескерту ереуілін өткізу құқығын беруге, сондай-ақ ұжымдық еңбек дауларын шешудегі кәсіптік одақтардың рөлін күшейтуге көмектесетін болады. Комитеттің кеңейтілген отырысының қорытындысы бойынша заңды Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылданды.

### ҮКІМЕТ

***ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында министрлер мен әкімдердің 2022 жылы қазақстандықтармен кездесулерінің қорытындысы қаралды.***

Премьер-Министрдің айтуынша, бүгінде әкімдердің кездесулері жаңа форматта өткізіледі. Бұл қатысушылар санын айтарлықтай арттырып, көп мәселені шешуге мүмкіндік береді. Есептерге қарасақ, әкімдермен кездесулерде проблемалардың шамамен 99%-ы шешімін табады. Бұл орайда, Ақтөбе, Қостанай облыстары мен Алматы қаласындағы оң тәжірибені атап өтуге болады. Ал Алматы, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында тұрғындардың проблемасын шешу көрсеткіштері төмен.

Сондай-ақ, Әлихан Смайылов «е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түсетін азаматтардың арыздарына орай басқаша жағдай қалыптасып отырғанын атап өтті. 2022 жылы осы жүйе арқылы 1,7 млн-нан астам адам өтініш берді және қаралды. Оның 82%-ы жергілікті атқарушы органдарға тиесілі.

Үкімет басшысы әрбір орталық және жергілікті атқарушы органдар бойынша проблемалық мәселелер картасын әзірлеуді, нысаналы топтармен тұрақты кездесулер өткізуді, сондай-ақ кездесулердің өтетіні туралы алдын ала хабарлап, өткен шаралардың қорытындысы туралы кеңінен жариялауды тапсырды. «Бізге ашық және нақты байланыс қажет. Халық үніне құлақ асатын мемлекет үшін мұндай іс-шаралар халықпен қарым-қатынастың маңызды құралына айналуға тиіс. Қазақстандықтар ең күрделі деген мәселелердің шешу жолдары барын көруі тиіс», – деді Әлихан Смайылов.

### МИНИСТР

***Мемлекет басшысының «Орталық атқарушы орган басшыларының халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы мен Үкімет қаулысы аясындағы көшпелі кездесулерде 2022 жылдың қорытындысы бойынша, министрлер 216 жеке қабылдау өткізіп, 1498 азаматтың арыз-шағымын тыңдаған. Кездесуде 1679 проблемалық мәселе көтеріліп, оның 1241-і немесе 74%-ы шешілді. Ал 438-і мемлекеттік органдардың орындауында.***

Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Үкімет отырысында мәлімдеді. Спикер аталған іс-шаралардың оң әсері мен нәтижелі болғанын атап өтті. Мәселен, Оқу-ағарту министрінің халықпен кездесу қорытындысы бойынша, мемлекеттік мектептерде оқушыларды тамақтандыру қағидаларына өзгерістер енгізілді. Министр мемлекеттік органдардың ашықтығын бағалау әдістемесіне «Халықпен кездесу» атты жаңа индикатор енгізілгенін жеткізді. Енді министрлердің халықпен кездесуі мен оның нәтижелерін ведомство бағалайтын болады.

Үкімет отырысында келтірілген деректерге сәйкес, мәселелерді шешу бойынша жоғары көрсеткіш Ақтөбе (94,7% – 4497 мәселе көтеріліп, оның 4259-ы шешілген), Қостанай (93% – 3467 мәселе көтеріліп, оның 3224-і шешілген) облыстары мен Алматы қаласында (92,8% – 4518 мәселе көтеріліп, оның 4194-і шешілген). Өңірлерде салыстырмалы түрде кездесулерге халықтың ерекше қызығушылықпен қатысуы байқалады. Осы ретте Ұлттық экономика министрлігінің басшысы Алматы қаласы әкімдігінің «ашық микрофон» принципіне негізделген белсенді кездесулер тәжірибесін атап өтті.

### ТҰЖЫРЫМДАМА

***Қазақстанда «5 минут ішінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер» үлесі 90%-ға жеткізілмек.***

Үкіметте өткен кеңесте Цифрлық трансформация, IT-саланы дамыту және киберқауіпсіздік тұжырымдамасының 2023–2029 жылдарға арналған жобасы қаралды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Тұжырымдаманы іске асыру 5 минут ішінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін 90%-ға дейін ұлғайтуға, мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін толық цифрландыруға, 250 мыңнан астам біліктілігі жоғары IT-кадрларды даярлауға, IT-өнімдер мен қызметтер экспортының көлемін $1,5 млрд-қа дейін ұлғайтуға, сондай-ақ Astana Hub технопаркі аясында шамамен 1 трлн теңге инвестиция тартуға мүмкіндік беретінін баяндады. Тұжырымдама аясында республикада өңірлік цифрлық хабты қалыптастыру, байланыс саласын одан әрі демонополизациялау, киберқауіпсіздікті кешенді нығайту және денсаулық сақтау, білім беру, азаматтық қауіпсіздік салаларында жасанды интеллектіні дамыту үшін негіз құру жөніндегі шаралар іске асырылатыны атап өтілді. Сонымен қатар, азаматтар мен бизнесті жылдамдығы жоғары интернетпен (кемінде 100 Мбит/с), ал республикалық және негізгі облыстық жолдарды мобильді кең жолақты желілермен қамту бойынша жұмысты аяқтау жоспарланып отыр.

АҚОРДА

# ЕЛОРДА ЖАСЫЛ ШАҺАРҒА АЙНАЛАДЫ

## Мемлекет басшысы ел астанасын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді



*(Басы 1-бетте)*

### АСТАНА: ДӘЙЕКТІ ДАМУ, НАҚТЫ МІНДЕТТЕР

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Президент аса маңызды міндеттерге – электр қуатымен тұрақты түрде қамтамасыз ету мен қаланы газбен қамту мәселесіне назар аударды. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, газ желісіне қосылу шығыны азаматтарымыз үшін қымбатқа түсіп жатыр. Құны екі миллион теңгеге дейін барады. Мұндай жағдай барлық аймақта байқалады. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне Үкіметпен бірлесіп, халық үшін газға қосылудың тиімді әрі ашық бағасын бекіту жөнінде нақты ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Сондай-ақ, тұрғын үй құрылысы саласында қордаланған мәселе көп. Заңнамалық базаның осалдығы салдарынан қалада жаңа түйткілді нысандар пайда болуы мүмкін. Үкімет мемлекеттік реттеу шараларын қатаңдатқаны жөн. Құрылыс компанияларының заңды белден басып, үлескерлерден ақша тартуына жол беруге болмайды. Бұл жұмысқа Қаржылық мониторинг агенттігі атсалысуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев жер телімін бөлу жұмыстарының ашық болмауына қатысты өкілетті органдарға арыз-шағым көп түсетінін атап өтті. Әңгіме белгілі құрылыс компанияларына жасалатын «айрықша» жағдай туралы болып отыр. Мемлекет басшысы бұл процестің түгелдей ашық болуы керек екенін айтып, жерді цифрлық сервистер арқылы және конкурс негізінде бөлуді аманаттады. Сонымен қатар, Астананың көлік жүйесін дамыту мәселесіне де тоқталып, Астана әкімдігіне *LRT-ға қатысты жұмысты мейлінше тездетіп аяқтауды тапсырды. Оның айтуынша, «LRT жобасы, негізінен, қате болды. Бірақ қазіргі таңда басқа амалымыз жоқ. Бұл жобаны жүзеге асыруымыз керек. LRT-ның құрылысын тоқтатсақ, шығын одан да көп болады. Ал балама жобалар жоқ».*

### ЭКСПО – ЖҰРТ ЖАППАЙ ДЕМАЛАТЫН ОРЫН

Қаланы дамыту тұжырымдамасын қайта қарауды ұсынған Қасым-Жомарт Тоқаев қазір Астанада саябақтар жетіспейтінін, тұрғындар серуенге шығатын, демалатын орындар аз екенін қадап айтты. Саябақтарды, жаяу адамға арналған көшелерді көбейту қажет.

*– Қазір Есілдің жағасына дұрыс көңіл бөлінбей отыр. Мысалы, көрші елдегі Қазан қаласының тәжірибесін зерттеп көруге болады. Бұл қаланың көшелері, саябақтары және жағалау алаңдары өте әдемі және тартымды. Біздің мақсатымыз – елордамызды жылдың кез келген мезгілінде халқымызға және шетел адамдарына барынша қолайлы ету, Астананың келбетін мейлінше жақсарту. Өзенге жаяу адам жүретін көпірлер салу керек. Мұндай өткел, әсіресе, қазір салынып жатқан Тәуелсіздік даңғылындағы көпірдің маңайына қажет. Көлік жүруге болмайтын көшелер жөнінде талай рет айтылды. Бірақ қалада ондай бірде-бір көше салынған жоқ. Жалпы, әлемдік тәжірибеде дәл осындай көшелер көптеп салынады. Бұл мәселені мұқият ойластыру керек. Білікті мамандарды тартып, оңтайлы шешім қабылдауға болады. Мысалы, бізде ЭКСПО аумағы бар. Бір қарағанда, өте әдемі жер. Бірақ қаңырап бос жатыр. Шын мәнінде, оған жан бітіріп, жұрт жаппай демалатын орынға айналдыруға болады. Қоғамдық кеңістікті дамытудың бірыңғай тұжырымдамасын қабылдаған жөн,* – деді Президент.

### ОРЫНДЫ СЫН, КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАР

Жиында қаланың келбетін сақтап қалу және қаладағы орынсыз құрылыс жұмыстары көбейіп кеткені жайында айтылды. Көлік тұрағы жоқ үйлердің көптеп салынуы тағы бір маңызды мәселе ретінде атап өтілді.

Президент қаланың абаттандырылу, көшелерді жарықтандыру, сондай-ақ қала ішіндегі қардың уақытылы шығарылмау мәселелерін сынға алды. ***«Дұрыс күтім болмаған соң, қала аумағындағы көшеттер құрап жатыр. Көгалдандыру кезінде отырғызылатын жасыл желектің 10 пайызы ғана – көпжылдық өсімдіктер. Бір маусымдық гүлдерге жыл сайын шығындану – қаржыны желге шашу деген сөз. Әкімдікке үш жылдың ішінде көпжылдық өсімдіктердің үлесін кемінде 50 пайызға жеткізуді тапсырамын. Сіздерге нақты міндет қоямын: алдағы бес жылда елордамыз жасыл шаһарға айналуы керек»,*** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы азаматтардың әл-ауқатын арттыруға баса мән беру қажет екенін айтты. Үкімет әкімдікпен бірлесіп, қаладағы жастармен жұмысты күшейтуі қажет. Сондай-ақ, қалада медициналық қызметтің сапасына және оның қолжетімді болуына қатысты шағым көп екеніне назар аударды. Ол Астана дарынды және зиялы азаматтар шоғырланған орталыққа айналуға тиіс деп есептейді: «Бірақ бұған кедергі болып отырған жайттар бар. Соның бірі – балабақшадағы және мектептегі орын тапшылығы. Қазір балабақша кезегінде 45 мың бала тұр. Жалпы, мектеп салу мәселесі бұл – стратегиялық міндет. Оны орындау үшін мемлекет қана емес, қалталы азаматтар да белсене атсалысуы керек. Жеке қаржыға мектеп салудың жолдарын ойластырған жөн. Сонымен қатар, педагог мамандардың тапшылығын толығымен жою – маңызды міндет. Ұстаздардың біліктілігін арттыру мәселесі басты назарда болуға тиіс. Жалпы, қаланың білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтерген жөн», – деді Президент.

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

Мемлекет басшысы Астананың және Астана агломерациясының экономикалық әлеуетін жүйелі түрде арттыру қажет екенін айтты. Елорданың қарқынды экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, арнайы экономикалық аймақтардың жұмысын қайта қарау керек. Өңдеу өнеркәсібін, IT секторды және жаңа технологияларды дамытуға баса назар аудара отырып, арнайы экономикалық аймақ жұмысын қайта ұйымдастыратын уақыт жетті. Сапалы жұмыс орындарын ашу керек. Ол үшін тиісті инфрақұрылым қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана агломерациясын жүйелі дамытуды стратегиялық маңызды бағыт ретінде атап өтті. Елорда мен қала маңы арасындағы тығыз сауда-экономикалық, көлік-логистикалық кооперацияны ынталандыру қажет екені айтылды. Жаңа өндірістік кәсіпорындар мен инфрақұрылымдық нысандарды орналастыру елорда іргесіндегі ауылдардың әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Бұл Астана қаласы мен оған жақын орналасқан елдімекендердің тұрмыс деңгейіндегі алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. «Астана агломерациясы инвестиция тартуға, инновацияларды енгізуге және білікті мамандардың еңбек етуіне барынша ыңғайлы болуға тиіс. Осы бағыттағы жұмысты жандандыру қажет. Әлем экономикасында түбегейлі өзгерістер болып жатқан қазіргі кезеңде бұл – өте өзекті мәселе. Біз осы тарихи мүмкіндікті пайдаланып, елорда аймағын еліміздің экономикалық тірегіне айналдыруымыз керек», – деді Мемлекет басшысы.

### ЖАСАМПАЗ, ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ ТАЗА ҚАЛА ҚАҒИДАСЫ

Президент елордамыз дамудың жаңа үлгісіне көшуге, Астана инновациялық шаһар болуға тиіс екенін атап өтті. Әлемде қаланы басқарудың жаңа цифрлық тәсілдері қарқынды түрде енгізіліп жатыр. Біз де бұған баса назар аударуымыз керек.

*– Мен Біріккен Араб Әмірліктеріндегі G42 компаниясының басшыларымен арнайы кездестім. Бұл компания жасанды интеллектіні дамыту ісінде көш бастап отыр. Олар «ақылды қала» жобасы аясында осы саладағы озық тәжірибесін бізге ұсынуға дайын. Әкімдікке Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, бұл жұмысты дереу қолға алуды тапсырамын. Жалпы, IT-бизнес өкілдерін және осы саладағы білікті мамандарды тарту қажет. Сол арқылы бас қаламыз аймақтың «Digital nomads» орталығына айналмақ. Біз Астананы жасампаз, жайлы және таза қала қағидасына сәйкес дамытуымыз керек. Әлемдегі барлық озық тәжірибені тиімді пайдалануымыз керек,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ!



**«Қоғамдық көліктердің тартымдылығын дәйекті түрде арттыра отырып, жеке көліктерді пайдалануды азайту жайын ойластыру керек. Ол үшін метро желісін кеңейтуді жалғастыру қажет. Ескірген және экологияға зиян келтіретін көлік түрлерінен бас тарту керек. 2025 жылдан кейін Алматы көшелерінде дизельді автобустар қалмауға тиіс. Оларды газбен және электр қуатымен жүретін көліктер алмастырады. Алматыда оны табысты дамытудың мол тәжірибесі бар».**

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.**

# ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

## халық игілігі үшін қызмет етеді

**Қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінде қоғамдық көлік қызметінің маңызы зор. Деректерге сүйенсек, Алматыда қоғамдық көліктің қызметін пайдаланатын жолаушылардың әр күнгі үлесі миллионнан асып жығылады екен.**



**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Өткен жылдың қараша айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы жұртшылығымен кездесіп, шаһарды өркендетуге қатысты біраз ой-пікірлерін айтып еді. Солардың қатарында жол-көлік жүйесіне қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеген болатын. Солардың қатарында қоғамдық көліктің жай-күйін жақсартып, бұл бағыттағы қызметтің сапалық деңгейін одан әрі көтеру қажеттігін де атап көрсеткен-тұғын.

Бүгінде Алматыда бұл бағытта айтуға тұрарлық атқарылған жұмыс баршылық. Ең бірінші айтарымыз, шаһарда қалаішілік бағытта қатынайтын қоғамдық көліктердің біразы жаңарған. Байқасаңыз, қазір қала көшелерінде «Евро-5» стандартындағы жаңа автобустар жүйткіп жүр. Ішіне 70 жолаушы емін-еркін сиятын автобус «Оңай» терминалдарымен жабдықталған.

Көлік ішінде аялдамалар алдын ала хабарланады, wi-fi желісі қосылған. Тазалығы да жаман емес. Қыста – жылы, жазда – салқын дегендей, кондиционерлер орнатылған. Бейнебақылау камерасы мен мүмкіндігі шектеулі топтағы жолаушылар үшін де жағдай қарастырылған, пандустар бар. Одан басқа Алматының қоғамдық көліктерінің қозғалысын бақылауға өте қолайлы жүйе – «Citybus» қосымшасы іске қосылған. Аталмыш қосымшаның алматылықтар мен қонақтарға өздерінің тұрған жерін анықтауға, баратын жерін картада белгілеуге және тиімдірек маршруттар мен қоғамдық көлік түрлерін таңдауға көмегі зор. Ендеше, Сіз де өзіңіз күткен автобустың қай тұста келе жатқанын біліп жүргіңіз келсе, телефоныңызға CityBus қосымшасын ашсаңыз жетіп жатыр.

### ЖАҢА БАҒЫТТАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жалпы, атқарушы билік тарапынан да, жолаушылар жағынан да тасымалдаушы компанияларға қойылатын басты талап – кез келген қоғамдық көліктің уақытылы қызмет көрсетуі мен көліктің сапасы. Қалалық әкімдік атап өткендей, қазіргі уақытта Алматы қаласы мен қала маңындағы аймаққа 159 бағытта 2509 автобус жолаушы тасымалдайды. Олардың барлығы өздеріне бекітіліп берілген бағыт бойынша кестеге сәйкес жұмыс істейді.

Қала аумағының кеңеюі де қоғамдық көлік бағыттарын жиі өзгертеді. Алматы билігі мұны да ескеріп, кейбір автобустарды ықшамаудандардың ішімен жүретін етіп өзгертіп берді. Мәселен, қаладағы маршруттық желіні оңтайландыру шеңберінде, сондай-ақ азаматтардың көптеген өтініштерін ескере отырып, 2022 жылы 7 жаңа маршрут жолға шықты.

Одан бөлек, 7 маршруттағы схемалар оңтайландырылып, тағы 7 маршруттың схемалары ұзартылды. 2023 жылдың қаңтар айының басында Алматының қалалық мобильділік басқармасы тағы бір жаңа бағытты іске қосты.

Алматыда бекітілген қозғалыс кестесіне сәйкес қоғамдық көлік сағат 6.00-ден 23.00-24.00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 6.00-ден 22.00-23.00-ге дейін жұмыс істейді. Ал күн сайын түнгі уақытта №3 бағыт сағат 23.00-ден 6.40-қа дейін жолаушы тасымалдайды.

### КҮНІНЕ 85 МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАЙДЫ

Қала орталығын шеткі аудандармен байланыстыратын «Сарыарқа» және «Бауыржан Момышұлы» метро станциялары іске қосылғалы бері Алматының метросын пайдаланатын жолаушылардың қатары көбейген. Екі жаңа станция іске қосылғаннан кейін метро желісінің жалпы ұзындығы 3,1 шақырымға ұзарып, бүгінде оның ұзындығы 13,4 шақырымды құрап отыр. Желі бойына 7–10 минут сайын жүретін төрт вагонды 15 электр пойызы жолаушылар тасымалдайды. Бұрындары метро желісі күніне 45 мыңға жуық жолаушы тасымалдаған болса, жаңа станциялар іске қосылғаннан кейін бұл көрсеткіш күніне 85 мың жолаушыға дейін өсті.

«Мәскеуден» кейінгі «Сарыарқа» станциясы Абай даңғылы бойында Алтынсарин даңғылы мен Саин көшелерінің аралығында – Family Park маңында орналасқан. Терең салынған, екі кіреберісі мен бір вестибюлі бар. Станцияда екі жеделсаты мен сегіз эскалатор орнатылған. Интерьер жасау кезіндегі негізгі идея – Сарыарқаның шексіз кең даласының әсемдігін көрсету. Қабырғалары мәрмәр тастардан құрастырылып, гранитпен өрнектелген. Шеткі жағындағы қабырғада жазық даланың үстінен шығып келе жатқан күн, оның бергі жағында Қазақстан астанасы бейнесі маңында шауып келе жатқан жүйрік аттар бейнеленген панно орнатылған.

### BRT, LRT ЖЕЛІСІ ДАМИДЫ

2040 жылға дейін Алматы қаласының жаңа Бас жоспарын қоғамдық талқылау барысында көлік инфрақұрылымы да кеңінен сөз болды. Жаңа бас жоспарда жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын одан әрі кеңейтуге, Алматының барлық ауданында тұрғындар үшін жаңа серуендеу аймақтарын құруға баса назар аударылған.

Мемлекет басшысы қала жұртшылығымен кездескенде Алматының жол-көлік жүйесі жайында: «Қоғамдық көліктердің тартымдылығын дәйекті түрде арттыра отырып, жеке көліктерді пайдалануды азайту жайын ойластыру керек. Ол үшін метро желісін кеңейтуді жалғастыру қажет. Ескірген және экологияға зиян келтіретін көлік түрлерінен бас тарту керек. 2025 жылдан кейін Алматы көшелерінде дизельді автобустар қалмауға тиіс. Оларды газбен және электр қуатымен жүретін көліктер алмастырады. Алматыда оны табысты дамытудың мол тәжірибесі бар. Транзиттік жүк тасымалының басым бөлігін Үлкен Алматы айналма жолына көшіру де қалаға оң әсерін тигізеді. Бұл үшін 6 радиалды және 4 ішкі негізгі көше салу қажет», – деген болатын.

Тапсырмаға орай Алматы билігі қала көшелеріне жаңадан жолақтар жасау арқылы негізгі қоғамдық көлік дәліздерін (BRT, LRT, метро) ұйымдастыру, сонымен бірге велосипед жолдары желісін, велосипед пен электрлі самокатты жалға беру жүйесін дамытуды жоспарға енгізді. Құжатқа сәйкес, 2025 жылға қарай қолданыстағы BRT желісі «Шығыс қақпасы» полиорталығына дейін ұзартылады.

Райымбек даңғылы бойымен жаңа BRT желісін іске қосу жоспарда. Осылайша жүрдек автобустар желісі 40 шақырымға ұзарады.

Бас жоспарды әзірлеуші Асхат Садуовтың айтуынша, мұның барлығы қоғамдық көліктің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және жеке көлікпен жүру қажеттілігін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Өйткені, қазірдің өзінде арнайы жолақтардың көмегімен жағдайды жақсартуға мүмкіндік бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Агломерацияларды дамыту туралы» заң қабылданды, ол агломерациялардың құрамына кіретін әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы қатынасты реттеуге бағытталған.

Сондай-ақ, Алматы агломерациясын дамытудың бірыңғай кешенді жоспары әзірленуде.

### КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ САПАСЫ АРТТЫ

Бүгінде қала көшелерінде жолаушы тасымалдап жүрген автобустардың пайдалану мерзімі 3 немесе 7 жылды құрайды. Жауапты мамандардың айтуынша, қаладағы барлық автобустар күн сайын парктерде техникалық тексеруден өтеді. Ақаулар анықталса, техникалық қызмет көрсету үшін жөндеу аймағына өтеді. Олардың жылжымалы құрамды техникалық тексерілуі ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес қатаң түрде жүргізіледі.

Алматылықтарға сапалы көлік қызметін көрсету және жолаушы тасымалының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы Алматы қаласының қалалық мобильділік басқармасы жылжымалы құрамды жаңарту және сатып алынатын 450 автобус есебінен қосымша автобустармен маршруттарды күшейту арқылы тасымалдау сапасын арттыруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, қоғамдық көлік бойынша үлкен сұранысқа ие жаңа бағыттарды зерттеу жүргізілуде.

***Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, тобықтай сөздің тоқетері – Алматы өмір сүруге қолайлы және жалпыға бірдей тең мүмкіндік беретін қалаға айналуы тиіс. Ал бұл мақсатқа жету үшін халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, баршаға ортақ негізгі міндеттер назардан тыс қалмауы қажет. Бұл міндет көлік инфрақұрылымы саласына да қажет. Сондықтан Алматының маршруттық желісін кезең-кезеңімен оңтайландыру бағытында жұмыстар әлі де жалғаса береді.***

САЙЛАУ – 2023

**Смағұл ЕЛУБАЙ,**
**Түркі дүниесі әдеби сыйлығының лауреаты:**

# Бұл сайлаудан не күтеміз?



Ең алдымен, кешегі өткен Қаңтардағы көпшілікті көшеге алып шыққан әлеуметтік мәселелер – жоқшылық, қымбатшылық, жұмыссыздық, әділетсіздік, теңсіздік, жемқорлық, баспанасыздық тәрізді қоғамымызды жайлаған келеңсіздіктермен парламенттік деңгейде күрес басталады деп күтеміз.

Екіншіден, мұндай күрес бұрынғы Парламентте байқалмайтын. Депутаттар тікелей билік ықпалымен бұл жылы орынға келгендіктен, осы жылы орнынан айырылып қалмас үшін айтқанға көніп, айдағанға жүріп, бас шұлғып отыра беретін. Ал енді мына сайлаудан кейінгі жаңа Парламент түгелдей жаңармаса да жартылай жаңарады деген үміттеміз. Демек, біздің, яғни халықтың тікелей берген дауысымен келгендіктен, бұл Парламентте халық мұңы үшін күресетін депутаттар тобы болады деп үміттенеміз. Ол үшін ақиқат үшін, әділдік үшін қайтпай күресетін нағыз тұлғаларды сайлауымыз керек.

Үшіншіден, осындай, тек сайлаушылар алдында ғана жауап беретін халық мұңшысы – депутаттар ғана қайтпас-қайсарлықпен мемлекеттің ондаған жылдар бойы аяусыз тоналған байлығын мемлекетке қайтарады деп үміттенеміз.

Төртіншіден, ондаған жылдар бойы тоналған материалдық байлықтар қатарында рухани байлықтарымыз да жетеді. Соның бірі әрі ірісі – ұлттың ұлы құндылығы қазақ тілінің мүшкіл халі. Мемлекеттік тілді талап етуді жаңа Парламент жаппай мемлекеттік қызметкерлерден талап ететін заң қабылдайды деп үміттенеміз.

Бесіншіден, жаңа Парламент сайлана салысымен қызыл террор тұсында жазықсыз жапа шеккен миллиондаған ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарының аруағына орындарынан тұрып, бір минут үнсіз тағзым етеді деп үміттенеміз. 31 мамыр – «Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» деп редакциялануы керек. Жалтақтығымыздан 31 мамыр атауындағы «ашаршылық» сөзі 30 жыл бойы айтылмай келді. Яғни қызыл террор тұсында қолдан жасалған аштықтан қырылған 5 миллион қазақтың аруағын ашық айтудан жалтарып келдік.

Осындай оспадар отарлық салдарынан өмірімізде орын алған қыруар келеңсіздіктерден құтылуымыз керек! Жаңа Парламент Қазақстанға сол үшін керек! Тіптен 250 жылға созылған отаршыл озбырлық қылған рухани оспадарлықтардан арылу үшін керек!

**Мақсат ХАЛЫҚ,**
**экономист:**

# Депутат ел мүддесі үшін қызмет етуі керек



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс және мәслихаттың кезектен тыс сайлауын өткізу туралы мәлімдегені белгілі. Мәжіліспен қатар мәслихат депутаттарын кезектен тыс сайлау 2023 жылдың 19 наурызында өтеді.

Биыл Парламент сайлауына орай халық арасында үлкен бір резонанс болып жатыр. Менің ойымша, алдағы саяси додада көп өзгерістер болады. Неге десеңіз, алдағы сайлауда халықтың арасында салмақты ой, салиқалы пікір айтып жүрген белсенді қоғам мүшелері мажоритарлық жолмен сайлауға қатысып, бағын сынап көруге мүмкіндік алып отыр. Мұндай жүйе елдің сайлауға деген сенімін арттырады. Қазірдің өзінде депутат болуға көптеген азаматтар өтініш беріп жатыр. Олардың қатарында өзім де бармын.

Дейтұрғанмен халық арасында әлі де «өй, сайлаудың қалай өтетіні белгілі ғой...», «сайлаудың әділ өтетініне сенбейміз...» деген секілді пікірлер жиі айтылып жүр. Осы тұрғыдан алғанда, мен депутаттыққа бірінші кезекте халықтың жайын билікке, атқарушы органдарға жеткізе білетін, айтылған өтініштерді шешу жолында еңбек ететін адамдар сайлануы қажет деп есептеймін. Депутат халықшыл болу керек. Демек, депутаттыққа көпшілікпен ортақ тіл табыса білетін, мемлекеттік бағдарламаларды қарапайым тілмен түсіндіре алатын азаматтар мен азаматшалар өтуі тиіс. Себебі, ол ұлттық мүдделі қорғай отырып, өз халқының, елінің келешегін ойлай алатын мемлекетшіл тұлға болғанда ғана халық қалаулысы бола алады.




**Аягүл МИРАЗОВА,**
**Қазақстанның Еңбек Ері, ұлағатты ұстаз:**

# Бағыт-бағдарымызды айқындаймыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауы 2023 жылдың 1-жартысында болатынын жариялаған еді. Міне, осыдан кейін Конституцияға сәйкес кезектен тыс сайлауды тағайындау туралы мәлімдеме жасалынып, жарлыққа қол қойылды. Сөйтіп, Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтетіні белгілі болды.

Билік қалаған емес, халық қалаған шын қалаулылар жарыққа шығып, жаңа жүйе орнатады деген сенім мол. Қасым-Жомарт Кемелұлы қазіргі Мәжіліс пен



мәслихат депутаттарына еліміздегі ауқымды реформаларды іске асыруға барынша атсалысқандары үшін, белсенді әрі жемісті еңбектері үшін алғыс білдірді.

Сайлау жайында жарты жыл бұрын ескертіліп, сайлауға түскісі келетін азаматтарымыздың өз күш-жігерін, қабілетін, мүмкіндіктерін таразыға салып, қатысуға дайын екендіктеріне көз жеткізетіндей уақыт берілді деп санаймын. Және де бұл сайлауға қатысушы кандидаттарға бұрынсоңды болмаған үлкен жеңілдіктер қарастырылып отырғаны өз мүмкіндіктерін іске асыруға әсерін тигізері сөзсіз.

Жаңадан сайланатын депутаттардан Жаңа Қазақстанымызды көркейтетін, еліміздің жан-жақты жаңғыруына ерекше өз үлесін қосатын, Әділетті Қазақстанның бағыт-бағдарын айқындайтын азамат пен азаматшалар өз кандидатурасын ұсынады деп сенемін.

**Шынар БАҚЫТЖАН,**
**ғылыми қызметкер:**

# Әділ ереже бойынша өтеді

Мәжіліс пен мәслихат сайлауы жаңа әрі әділ ереже бойынша өтеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Парламент Сенатының отырысында айтқан болатын.

«Салмақты саяси күштер халықтың мұң-мұқтажын ескеріп, нақты мәселелерін шешуге ерекше назар аударады. Әлеуметтік маңызы бар идеялар мен бастамаларға барынша көңіл бөледі. Еліміздегі партиялардың көпшілігінде мемлекетшілдік ұстаным бар. Бұл – жақсылықтың нышаны», – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, алдағы сайлауда партиялардың бәріне бірдей мүмкіндік беріледі.

«Жұрт жақында өз таңдауын жасайды деп сенемін. Алдағы сайлауда партиялардың бәріне бірдей мүмкіндік беріледі. Әкім-



дер қандай да бір саяси ұйымға жетекшілік ете алмайды. Ата Заңға енгізілген өзгеріске сәйкес Президент барлық саяси күштен тысқары тұруға тиіс. Мәжіліс пен мәслихат сайлауы жаңа әрі әділ ереже бойынша өтеді. Алдағы сайлауды Қазақстан парламентаризмі тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы деуге болады. Қоғамның түрлі өкілдерінің мүддесін партиялар арқылы қорғау мүмкіндігі артады. Мұның бәрі саяси жүйенің орнықты және тиімді болуын қамтамасыз етеді», – деді Мемлекет басшысы.

Қазір Қазақстан үшін, жалпы әлем үшін геосаяси керағар кезең екені белгілі. Әйтсе де, жаһандану заманында көпэтносты, мультимәдениетті ел болу – осалдық емес, керісінше басымдылық екенін түсінуіміз керек. Осы тұста геосаяси ахуалды ескере отырып, ҚХА депутаттар корпусының ең басты міндеті – Қазақстан халқының бірлігін сақтап, мемлекеттілігімізді одан әрі нығайту тарихи міндеті жүктелуде десек те артық болмас.

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР, Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

# ЖАҢА ПЛАТФОРМА

## Алматыда 4 млн теңге сомасындағы өтеусіз грантты цифрлық стартап негізін қалаушы ұтып алды



**Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның аясында өтеусіз инновациялық грантты Алматы қаласының тұрғыны Саят Нұрлы ұтып алды. Жоба бойынша кеңес беру және оны қолдау қызметін Qoldaý кәсіпкерлік орталығының менеджерлері көрсетті.**

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Жас жігіт әріптестерімен бірге Grafen (https://grafen.kz/) цифрлық өнімін әзірлеп шығарды. Grafen – білім беру орталықтарына, компаниялар мен ақпаратты бизнесмендерге арналған бірегей платформа. Ол жеке видеоокулықтарды жүктеуге және сатуға мүмкіндік береді. Платформа нақтылы уақытта тұсаукесер көрсетілімдерді таныстыруға және онлайн-оқытулар өткізуге мүмкіндік береді.

«Басқа IT-жобалар сияқты платформа құру туралы ой пандемия кезінде туған болатын. Ол кезде өзімнен кіші інім екеуміздің оқыту орталығымыз бар еді. Көп ұзамай ТЖ режимінен соң және қашықтықтан жұмыс істеуге көшкеннен кейін бізге жедел түрде онлайн нысанына қайта көшуге тура келді. Бастапқыда біз ZOOM арқылы оқытып жүрдік, алайда, қолданбалардың шекті қызметтері біздің көңілімізден шықпады, ал нарықта біз қажетті платформаны таба алмадық. Осы сәтте біз өзіміздің пайдалы өнімімізді ойлап табуды шештік», – дейді Саят Нұрлы.

Оның айтуынша, жобаны құру кезінде халықаралық IT-компаниясымен ынтымақтастық тәжірибесі көп көмектескен. Креативті әзірлеушілер тез арада топ құрып, дайындықты бастап кетеді.

«Бізге алғашқы өнімді шығаруға және тестілік режимде жұмысты бастау үшін 1 жыл керек болды. Әрине, кедергілер де болды. Бірақ біз үміт үзбей, жұмысты жалғастырдық», – деп түсіндірді ол.

Сол кезде Саяттың інісі әрі серіктес әріптесі оған Qoldaý кәсіпкерлік орталығына жүгінуді ұсынған.

«Бұл күтпеген жағдай болды, біз мемлекеттік қолдау көрсетудің іс жүзінде қалай болатынын білмедік. Алайда, орталықтың қызметкерлері түсіндіру жұмыстарын жедел жүргізіп, бизнес-жоспар құру қызметін тегін көрсетті, көмектесті. Сондықтан біз оларға өте ризамыз. Нәтижесінде біз жасаған жобамыз үшін қажетті техника сатып алуға 4 млн теңге ұтып алдық», – деді Саят.

Бүгінде Grafen отандық платформасында 1 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген. Олар ыңғайлы уақытта оқиды және алған білімдері бойынша әлемнің кез келген түкпірімен байланыса алады.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

**Осы мәселеге байланысты Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Әділет департаменті өкілдерінің қатысуымен шұғыл брифинг өткізілді. Алаяқтардың қалай алдап-арбайтынын атқару өндірісін қамтамасыз ету жөніндегі бөлім басшысы Әнуар Жексенов айтып берді.**

# АЛАЯҚТАРҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛА МА?

Гүлжанат СЕМБАЕВА



«Алаяқтар біздің азаматтарымызға телефон соғып, өздерін Әділет департаментінің қызметкерлері ретінде таныстырып, алдау және сендіру жолымен азаматтарымыздың қаржыларын сыпырып алады. Арам пиғылды алаяқтар жалған өнімді әлеуметтік желілер арқылы жоғары бағамен сату схемасы арқылы жасайды.

Ал алданған тұрғындармен келісім жасалғаннан кейін телефонды өшіреді. Әрі қарай алаяқтар жәбірленушілерге өздерін Әділет департаментінің қызметкерлері ретінде таныстырып, телефон шалады, алаяқтардың ұсталғаны туралы хабарлайды, жалған куәліктер береді және өтемақы төлеуге уәде береді. Алайда, алдын ала комиссия түрінде төлем талап етеді», – деп түсіндірді Ә.Жексенов.

## Әділет органдары материалдық-қаржылық өтемақы бермейді



«Осыған ұқсас фактілер 2022 жылдың желтоқсан айының басынан тіркеле бастаған. Әділет департаменті Алматы қаласының Полиция департаментіне барлық дәлелдейтін материалмен арыз жолдады, қазіргі уақытта арыз тергеу сатысында тұр. Соған қарамастан, алаяқтар күні бүгінге дейін адамдарды алдап келеді. Әділет департаментіне күн сайын республиканың түкпір-түкпірінен келген азаматтарымыздан Алматы қаласы Әділет департаментінің қазіргі қызметкерлері туралы нақтылау үшін қоңыраулар келіп түседі», – дейді ведомствоның баспасөз хатшысы А.Бекботаев.

Алматы қаласы Әділет департаментінің Жұртшылықпен байланыс қызметіне күн сайын орта есеппен 5 қоңырау келіп түседі. 2022 жылғы 1 желтоқсаннан, 2023 жылғы 31 қаңтарға дейінгі аралықта екі ай ішінде Алматы қаласы Әділет департаментінің қазіргі қызметкерлері туралы нақтылау үшін отандастардан 300-ге жуық қоңырау келіп түсті.

Алаяқтар күн сайын әділет органдарының қызмет саласын көбірек зерттеп, қызметтік куәліктерді қолдан жасап, оларды мемлекеттік тілге, Қазақстан Республикасында қолданылатын терминдерге аударады.

Ведомство өкілдері қала тұрғындарына өз туыстарын, достары мен таныстарын алаяқтық фактілері туралы ескертуге, алаяқтарға сенбеуге шақырды.

***Осындай жағдайлар орын алған жағдайда, +7 777 252 23 23 телефонына хабарласып, Алматы қаласы Әділет департаментінің қазіргі қызметкерлері туралы ақпарат алуға болады. Сонымен қатар, қызметкерлердің тізімдері департаменттің ресми сайтында жарияланған.***

БРИФИНГ

# ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛУДЕ

## Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқулықтар жеті жылдан бері шығарылып келеді

**Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының» басшысы Айгерім Кудеринованың қатысуымен брифинг өтті.**

Рая ЕСКЕНДІР

Қазіргі таңда еліміз бойынша инклюзивті білім беру кеңінен қолға алынып отыр. Жалпы, бұл ұғым физикалық, психикалық, интеллектуалдық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, барлық балалардың жалпы білім беру жүйесіне қосылуы. Орталық басшысы осы мәселеге кеңінен тоқталып, осы мақсатта жүзеге асырылып отырған жұмыстарға тоқталды.

– Біздің орталықта қазіргі таңда ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау бағытында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Аталмыш орталықта балалар диагностикалық бақылаудан өтіп, мамандардан көмек алады. Сонымен қатар, түзету сабақтарына қатысады, ата-аналарға арнап түрлі кеңестерді жүргізеді. Бұған қоса, мамандар мен мұғалімдерге көмек те көрсетіледі. Орталықтың атқарып отырған жұмысы өте ауқымды. Ерекше балаларды оқытуға арналған әдістемелік құралдар жазылып, біліктілікті арттыру курстары жүргізіледі. Қазір барлық мектепке дейінгі және мектептердегі ерекше балаларды оқытуға әдістемелік қолдау көрсетуді жалғастырып жатырмыз. Біздің жұмысымыздың жүйелі жүруі үшін Орталықта ресурстық бөліміміз бар. Бұл жерден барлық мамандар психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша кеңестерді алады, – дейді Айгерім Кудеринова.

Елімізде 2017 жылдан бері ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқулықтар шығарыла бастады. Осы тұрғыда «Арнайы және инклюзивті білім беруді методологиялық және әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің» меңгерушісі, педагогика ғылымының кандидаты Ирина Елисеева орталық қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын арнайы мектептерді оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етумен айналысып отырғандарын жеткізді. Дәл қазіргі уақытта республикамыз бойынша 99 арнайы мектеп бар. Олардың барлығы да оқушылардың даму түрлеріне қарай сараланып, бөлінеді.

– Мәселен, есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген, сөйлегенде ауыр қиындыққа кездесетін балаларға арналған мектептер бар. Бұл балалар мемлекеттік стандарт бойынша оқытылғанымен, олардың оқу материалын әзірлеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол жағы біздің Орталық әзірлеген типтік оқу бағдарламалары деңгейінде ескеріледі, – деді И.Елисеева.

Жалпы, ақыл-ойында ауытқушылықтары бар балалар білім беруде ерекше санатты құрайды. Сондықтан мұндай балалар үшін мамандар барлық пәндер бойынша өзіндік оқу бағдарламалары жасалады. Мәселен, өткен 2022 жылы осындай балаларға арналып 0–10-сынып оқулықтары жазылды. Сонымен қатар, 2004 жылдан бастап елімізде бұрын отбасында тәрбиеленіп, ресми түрде мектепке баруға мүмкіндігі жоқ, даму интеллектінде аз ғана ауытқушылығы бар балалар мектепте білім алуға мүмкіндік алып отырған көрінеді. Қазір осы санаттағы балалар үшін типтік оқу бағдарламалары жасалды.

Бұл сөз жоқ, ата-аналарға үлкен көмек. Өйткені, арнайы мектептерде балаларды оқытудың өзі отбасы үшін әлеуметтік қолдау болып табылады. Ата-аналар өз мүмкіндіктерін дамытып қана қоймай, қоғамның да дамуына атсалысады. Қазіргі кезде еліміздегі арнайы мектептерде жалпы санаттағы мүмкіндігі шектеулі балалардың 14 пайызы ғана оқиды. Олардың басым көпшілігі жалпы білім беретін мектептерде оқып жатыр. Еліміз бойынша 465 арнайы білім беру ұйымы болса, облыстар мен қалалардағы арнайы мектепке дейінгі ұйымдар – 44, арнайы мектеп ұйымдары – 99, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру ұйымдары – 92, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері – 208, оңалту орталықтары – 13, аутизм орталығы – 9-ға жеткен.

ОЛИМПИАДА

# «ЖҮЙРІК БОЛСАҢ, ОЗЫП КӨР!»

**Әлемнің есепке жүйрік балалары биыл да Алматыда бас қосты. Жылдың осы кезінде өтетін XIX Халықаралық Жәутіков олимпиадасы басталады. Биыл осынау аламан бәйгеге әлемнің 25 елінен 1200-ден астам оқушы қатысып отыр.**

Рая ЕСКЕНДІР

Алыс және жақын шет мемлекеттерден келген 281 команда үш пән – математика, физика және информатика бойынша білімдерін сынға салып, бәсекеге қабілеттілік танытпақшы. Сонымен, бұл жолғы зияткерлік сайыста еліміздің намысын 250-ге жуық оқушыдан жасақталған 35 команда қорғайтын болса, Алматы қаласының намысын 4 команда қорғап жатыр.

Жалпы, Халықаралық Жәутіков олимпиадасына физика-математика бағытындағы мамандандырылған мектептердің оқушылары қатысады. Олимпиада қорытындысы бойынша жеке рейтинг, сондай-ақ мамандандырылған мектептердің мықты командаларының рейтингі жасалады.

Аталмыш олимпиаданың қазылар алқасы да осал емес. Оның құрамына ТМД-ның ең мықты техникалық университеттерінің өкілдері кіреді. Ал Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздары алтын, күміс және қола медальдармен марапатталады. Жәутіков олимпиадасы 1–10 ақпан аралығында Алматыдағы Республикалық физика-математика мектебінің базасында өтіп, оның қорытындысы 10 ақпанда белгілі болады.

МОНИТОРИНГ

# БАҒА БОЙЫНША ТЕКСЕРІС

## Қала тұрғындары әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағаның орынсыз көтерілуіне куә болса, қайда жүгіне алады?

**Алматы қаласы бойынша Amanat партиясының жанынан құрылған тексеріс тобы әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасына мониторинг жүргізді.**

Досбол АТАЖАН


Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласы бойынша Amanat партиясының жанынан құрылған тексеріс тобы SMALL супермаркеттер желісіндегі әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасына мониторинг жасады.

«Біздің мониторинг жүргізудегі мақсатымыз – қандай да бір қысым көрсету емес, кәсіпкерлерді барлық керек-жарақпен қамтамасыз етіп, оларға жағдай жасау арқылы алматылықтардың қолына түсетін түпкі өнімнің сапалы әрі қолжетімді болуына әсер ету. Біздің бұған дейінгі тексеру жұмыстарымыз 3 айын бұрын болған. Сол уақыттан бері әлеуметтік маңызы бар өнімдердің біршамасында баға өзгермеген. Бірақ өкінішке қарай, ет өнімдеріне баға өскенін байқадық. Олар біз ұсынған бағадан әлдеқайда жоғары. Нақты айтсақ, 800 теңгеге қымбаттаған. Дегенмен, тауық етіне, сүт өнімдері мен жұмыртқаға қойылған бағада тұрақтылық бар», – деді Amanat партиясы жанындағы Экономика және кәсіпкерлікті дамыту комитетінің өкілі Эдуард Катенов.

Сондай-ақ, ол әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасына оң әсер ету үшін кәсіпкерлермен жекелей жұмыс жүргізілетінін атап өтті.

«Пияз бағасы да біз ұсынатын бағадан жоғары. Айтылған мәселе бізді алаңдатады. Қаламызға пияз негізінен Алматы облысынан әкелінеді. Жалпы, орта баға 80 теңге болса, мұнда 370 теңгеден сатылады екен. Бұл мәселені шешу үшін логистика тұрғысынан не кәсіпкерлермен тікелей байланыс орнату сынды шешім жолдарын қарастырамыз. Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасымен және Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының өкілдерімен кездесіп, мәселенің туындау себебін және оны шешудің қандай жолдары бар екенін талқылаймыз. Алматылықтар қолжетімді бағада азық-түлік алу үшін артық алып-сатушылықты азайтуға тырысамыз. Жалпы, кешенді жұмыс жүргізіледі», – деді ол.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілі Рақымжан Әріпжанов өнім өндірушілермен меморандум жасалғанын хабарлады.

«Баға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін өнімдерді тікелей жеткізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, Алматы әкімдігінің өкілдері Түркістан облысына арнайы жұмыс сапарымен барып, бірнеше ауылшаруашылық мекемелерімен меморандумға қол қойып келді. Олар маусымаралық кезеңде, яғни мамыр мен маусым айларының аралығында қаламызға көкөністерді жеткізеді. Жалпы, қалада жан-жақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Айта кеткен жөн, егер қала тұрғындары әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағаның орынсыз көтерілуіне куә болса, Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына жүгіне алады», – деді Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілі Р.Әріпжанов.

AUTONESIE.KZ

**Бұл жайында Өнеркәсіпті дамыту қоры басшысының орынбасары Ринат Ғаппаров мәлімдеді.**

# ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН АВТОНЕСИЕГЕ ӨТІНІМ БЕРУ 6 АҚПАНДА БАСТАЛАДЫ

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Оның айтуынша, өтініштер 6 ақпанда Астана уақыты бойынша сағат 10.00-де autonesie.kz ресми сайтында қабылданады. Платформаны алғаш іске қосқан кезде 761 үміткерге дейін тіркеле алады. Осы санға жеткенде, платформада өтінімдерді қабылдау автоматты түрде тоқтатылады.

Өтінім беру үшін өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭСҚ), сондай-ақ автокөлік өндірушілерімен алдын ала келісуі қажет. Платформаға Қазақстан аумағындағы азаматтар ғана тіркеле алады.

Жеңілдетілген автонесие бағдарламасының шарттары өзгеріссіз қалды:

– қаржыландыру сомасы – 10 миллион теңгеден аспау керек;

– қаржыландыру мерзімі – 7 жылдан аспайды;

– бастапқы жарна – 0 пайыз;

– 1 автокөліктің құны – 15 миллион теңгеден аспауы керек.

БРИФИНГ

# ТІРШІЛІК НӘРІ – ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕ

## Алматыда цифрлы су құбырын құру бойынша ауқымды жұмыстар басталды

**Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Суық сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін ұсыну жөніндегі «Алматы Су» МКК қызметінің қорытындылары, мегаполистің су құбыры-кәріз жүйесін дамыту жоспарлары мен перспективалары туралы» баспасөз-конференциясы өтті.**





Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Алматы Су» МКК бас директоры Ілияс Қазиевтің айтуынша, кәсіпорын тек Алматы қаласын ғана емес, мегаполиске іргелес елдімекендерді де сумен және кәріз жүйесімен қамтамасыз етеді.

Өткен жылы сумен жабдықтау және кәріз жүйесін жаңғырту және дамыту шаралары жалғасты. Ең алдымен, нысандарды, желілерді және жабдықтарды қыс маусымында пайдалануға дайындау, сондай-ақ желілердегі апатты жағдайларды азайтуға және су ысырабын азайтуға бағыттау секілді бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді.

«Жазғы жөндеу науқанында кәсіпорынның жеке қаражаты есебінен жалпы көлемі 103 550 м$^3$ 39 таза су резервуары жуылып, тазаланды, 1,5 мың құдық, 1,9 мың вентиль, 1050 өрт сөндіру гидранттары ауыстырылып, жөнделді, 300 км су құбыры және 450 шақырым кәріз желілері тазартылды, 25 шақырымға жуық ең апатты желілер ауыстырылды», – деп атап өтті І.Қазиев.

2022 жылға арналған инвестициялық бағдарлама сумен жабдықтау бойынша 2,8 млрд теңгені, су тарту бойынша 947 млн теңгені құрады.

Бизнес-процестерді ішкі оңтайландыру жұмыстары жүргізілді. Бүгінде өндірістік және технологиялық сызбаларды жаңғырту бағдарламасы жүзеге асырылуда. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін жаңа қызметтер енгізіліп, «ақылды су құбыры» – цифрлы су құбырын құру бойынша ауқымды жұмыстар басталды.

### ҚҰБЫР ЖЕЛІЛЕРІН АУЫСТЫРУ ҚАЖЕТ

«Алматы Су» кәсіпорнының бас директоры атап өткендей, қаладағы негізгі мәселе – тозығы жеткен су құбыры желілері. Бұл белгілі бір тұтынушыға су жеткізуді қиындатады. Жедел қызметтер күн сайын (жоспарлы жұмыстардың орнына) қазу жұмыстарын жүргізуге, сумен жабдықтау желілеріндегі апаттар мен ақауларды жоюға, содан кейін асфальттау мен абаттандыру жұмыстарын жүргізуге мәжбүр. Кәріз желілеріндегі жағдай да күрделі.

Бүгінгі таңда Алматы қаласы бойынша су құбыры желілерінің тозуы пайыздық көрсеткішпен – 54,2%, яғни 1943 шақырым су құбыры желілерін ауыстыру қажет. Кәріз желілерінің 56,6%-ы тозған, яғни 1000 шақырымнан астамын реконструкциялау қажет. Атап айтқанда, Талғар су құбырларының барлық желілерін, қала ішіндегі магистральдық су құбырларын (Рысқұлов, Мыңбаев және т.б.) кезең-кезеңімен ауыстыру қажет, Загородный және Бурундай ірі кәріз коллекторларының тозығы жеткен.

Тозу қарқынын төмендету үшін жыл сайын кемінде 104 шақырым су құбыры желілерін және 73 км су бұру желілерін реконструкциялау қажет, ал қолданыстағы инвестициялық бағдарлама жылына небәрі 20–25 шақырым құбырды қайта жаңартуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда инженерлік желілердің тозу көрсеткішін бір қалыпта ұстап тұру тек жаңа желілерді салу есебінен ғана сақталып отыр. Кәсіпорынның жөндеу қоры толығымен су және кәріз тарифтерінің деңгейіне байланысты. Біздің қаладағы олардың бағасы республикадағы ең төменгі көрсеткіштердің бірі болып қала береді.

Бұған дейін бекітілген «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» аясында желілер мен жабдықтардың тозу дәрежесін төмендетуді жеделдету мақсатында биыл сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жаңа тарифтік саясатын құру жоспарланып отыр.

### СУ ТҰТЫНУ НОРМАЛАРЫН ЕНГІЗУ ЖОСПАРЛАНУДА

«Инвестициялардың орнына тарифтер» қағидаты бойынша тарифтерді енгізу инженерлік желілерді ұстауға және ауыстыруға көбірек қаражат жинақтауға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Көрсетілген қызметтер үшін ақы алудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында есепке алу жүйесін автоматтандыру, «Алматы – Смарт Сити» тұжырымдамасы аясында негізгі коммуналдық кәсіпорындардың барлық есепке алу құрылғыларына датчиктер орнату қарастырылады», – деді І.Қазиев.

Сондай-ақ, профилактикалық жөндеу, қашықтықтан диагностикалау және энергия тиімділігін арттыру үшін заттар интернеті әдістемесі енгізіледі.

Тұрғындарды су ресурстарын үнемді пайдалануға ынталандыру үшін ағымдағы жылы су есептегіштерін орнатпаған тұтынушылар үшін жаңартылған су тұтыну нормаларын енгізу жоспарлануда.

Орталықтандырылған су құбырына қолы жетпейтін тұрғындардың сенімді сумен қамтамасыз ету мақсатында алдағы жылдары «Қарғалы», «Ақсай», «Ерменсай» және «Барлық» өзендерінің су тарту құрылыстары іске қосылып, қосылған он елдімекенде 280 шақырым су құбыры желісі салынады. Бұл 232 мың тұрғынды сумен қамтуға және қаланы орталықтандырылған сумен қамтуға 100% қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

# «ЗАҢ ДЕГЕН – НОҚТА!»

## Бүгінде бұл тұжырымның қадірі артып келеді

Олжас ЖОЛДЫБАЙ



### БАЛАҒАТ СӨЗГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

***Қазақстанда балағат сөзге байланысты заң бар. Оның орындалуы заңмен қадағаланады. Кісіні ғайбаттау, арына тіл тигізу, қасақана қорлау заңмен қудаланады. Қатаң түрде қылмыстық жауапкершілікке тартылады.***

Соңғы уақытта көп өзгеріс орын алуда. Басқаны былай қойғанда, бейәдепке байланысты Заң күшейіп келеді. Көпшілік орында оқта-текте оғаш сөзді еститін едік. Уақыт зырғыған сайын ұятсыздық белең алып барады. Бұған көптен бері тоқтау қажет болып жүрген. Осының тыйымы бір боларын іштей күттік. Ендігі кезекте мұның да түйіні тарқайтын түрі бар.

### СӨЙЛЕСЕ, ЗАҢ СӨЙЛЕСІН!

***Қазақстанда екі заңға байланысты толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ой-пікірлер біраздан бері қозғалып келеді. Соның бірі «Жала жабу», екіншісі «Қорлау» еді. Тақауда екіншісіне қатысты жаңалық таралды. Соған қарағанда, бір шешімнің болары анық.***

Сөзіміз нақты болуы үшін тақырыпқа тұздық ретінде заңның өзін сөйлетуді жөн көрдік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**«1. Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.**

**2. Көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады».**

**Ата-Заң.131-бап. Қорлау.**

*(Дереккөз: Adilet.zan.kz ресми сайтынан алынды).*

Бұны текке келтірмедік. Қиқар сөйлеп, ғайбат айтуға мүлде жол жоқ. Құқықбұзушылық жасағанды қандай жаза күтетіндігін бағамдай беріңіз. Абайсызда айтылған сөз айыппұл төлейтін жағдайға душар қылмасын. Одан зор жазаны айтып жатудың реті шамалы шығар. Ең бастысы, байқап, абайлап ауыз ашу керектігін ескеріп жүретін болдық.

Егемендіктің елең-алаң шағында бірнеше мәрте Жоғары Кеңеске, кейіннен Парламент Мәжілісіне депутат болған Шерхан Мұртазаның бір ауыз сөзі ойға оралып тұр. Көрнекті жазушы «Заң деген – нокта!» деп еді. Бүгінде осы сөздің қадірі артып келеді. Әрине, білгенге – маржан.

### «ҰЯТ БОЛАДЫ» ДЕГЕН ҚАҒИДАНЫ ҰМЫТТЫҚ

***Көше халықтың айнасы. Онда жүрмейтін жан жоқ шығар, сірә! Бірақ кейде үйде жүргендей қылық танытып қоямыз. Ойымызға келгенді сөйлейміз. Бала немесе үлкен тұр-ау демейміз. Кейбіреулер «Ұят болады» деген қағидамызды ұмытқалы қай заман?!***

Қоғамдық орта бәрімізге ортақ. Оны ешкім еншілеп алмады. Әсіресе, аялдама, автобус, тамақтану орындарында адам қарасы көп болады. Таңертеңгі және кешкілік нөпірден аяқ алып жүре алмайсыз. Жұрттың бәрі діттеген жеріне тез жетуді көксейді. Ерігіп тұрған ешкімді байқамайтын сияқтымыз. Алайда, осындайда аузына ие бола алмайтындар дейсіз бе, әйтеуір әртүрлі пиғылдағылар табылып жатады. Ондайлар бетің бар, жүзің бар демей, бейәдеп сөзді айта береді. Ешкімді елемейді. Ал оның артының зардабын бағамдамайды.

АҚШ, Еуроодақ, Сингапур сияқты бірқатар дамыған елдердің заңы тіптен қатал. Біреуді қорламақ түгілі, оңды-солды түкірсе, белгіленбеген жерде темекі тартса, рұқсатсыз жерде үй жануарларын қыдыртса, айыптың ең үлкенін арқалайды. Керек десе, 15 тәулікке дейін қамап қоюы ғажап емес. Егер біреуді бейәдеп сөзбен қорласа, жәбірленуші сотқа шағымданады. Бұның арты орасан үлкен сомадағы «моралдық өтемақы» төлеуге дейін барады.

Түсінген жанға осы салыстырудан біраз нәрсені аңғаруға болады. Бастысы, басты ауыртып, миды шайқап, жүрекке жара салатын қисық сөзден қашпақ керек.

### БЕЙӘДЕП ПЕН БЕЙӘДЕТ

***Кейде жанымыз келеңсіздікті көріп күйзеледі. Жас та, жасамыс та тілімізге ие бола алмай жатамыз. Айтарын айтқаннан кейін бәрі кеш. Ал дер уақытында өзін тежей білген – кісінің ғажабы.***

Қазақта «бір елі ауызға, екі елі қақпақ» дейді. Өте тауып айтылған мәтел. Ел іші ұлағатты сөзге бай. Дегенмен, бәрін теріс ұғатындар табылады.

Бірде автобуста тұрмыз. Бағытымыз – Арбат. Сол жерге барып, ән тыңдап, сыңғырлаған субұрқақты көруге ынтығудамыз. Жанымызда екі бозбала тұр, қасында бойжеткен бар. Барлығы мектептің жоғары сынып оқушылары екені байқалады. Екі сөзінің бірі боқауыз сөз. Онысын орысшалап айтып қояр емес. Шыдамай кетіп, жандарына бардым. Бұлай жаман сөз айтпауларын сұрадым. Қоғамдық көлікте тәртіп сақтау керектігін айттым. Осыдан кейін сап тыйылды. Алдымыздағы аялдамадан әлгілер түсіп қалды. Осы сәттен кейін біраз ойланып қалдым. Жас өрендеріміз тұрған ортасын сыйламаса, болашақ қандай боларын ойлаудың өзі біртүрлі. Мейлінше үлкендер үлгі болып, жастарға жөн көрсетіп жүрген дұрыс болар шамасы.

### ҰЛТТЫҚ САНАДАН ЖАҢЫЛМАҒАН АБЗАЛ

***Ел арасында «Отыз тісті қарауыл қыл тіліңе» деген тәмсіл ұшырасады. Осыдан артық жарытып ештеңе айта алмасымыз анық. Дейтұрғанмен, өткенімізді ұмытпай, ұлттық санамыздан жаңылмағанымыз абзал.***

Біреуге бірнәрсе деп айтуға ойланамыз. Ол сізге шәлкес сөйлесе, қынжыламыз. Қит еткенді сылтауратып, сәл нәрсені сотқа сүйрей берген де жөн емес шығар. Мүмкіндігінше өзара түсініс іп, түйткілді тезірек тарқатқан жөн. Әйтпесе, арыздасумен уақыт та, жүйке жүйесі де құриды екен. Осының растығына күн өткен сайын куә болудамыз.

Қазақ ата-бабамыз «аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі» дейді. Негізі қазіргі қоғамға дөп тауып айтылған сияқты. Сондықтан абайсызда айтылған сөзге абайлап қарау керек. Әйтпесе, таяқтың бір ұшы маңдайға сарт ете қалады. Осындай пайымды бұрынғылар әу бастан жақсы білген. Кісімен сіз-біз десіп сыйласқан. Жақынмен араласқанда да әрбір дүниеге аңдап қараған. Лажы болса, көңілге келмеуді жадына дұрыстап тоқыған.

Өмірге нақтылап көз жүгіртсеңіз, біраз нәрсені бағдарлайсыз. Ешкім мәңгі емес. Бес күн жалғанда бір-бірімізге сый-құрмет білдіргенге ештеңе жетпейді. Онсыз да пәни дүниеде негатив көп. Осыны есте сақтай отыра, шолжаңдыққа бой алдырмайық дегіміз келеді.

### ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ ҒАЙБАТ

***Интернет құдіретті күш саналады. Адамнан қорықпағандар, осыдан тайсалады. Әп-сәтте дүйім жұртқа ыңғайсыз жағдайда қалуға жүрексінеді. Мұның арты маңдайға жағылған қара күйемен тең.***

Бүгінде кез келген оқиғаны әлеуметтік желіге жүктейді. Оқыс сәтті сала қойса, қаралым артуы мүмкін екен. Солай істеп, қара пиярмен даңқын шығаруға құмартатындар жетерлік. Осыдан кейін блогермен санаспай көріңіз. Өзінше болып, қылығы қырық кісіге жүк болып жүргендердің желі оңынан тұрып жатқандығын көріп жүрміз. Ондай бәле аяқастынан. Сақтансаңыз, сақтайтынын тағы естен шығармайық.

Қанша мәрте кісіні кемсітуге болмайтынын білсе де, қайталай беретіндер бар. Айтқанды ұқпайды, тілді алмайды. Соңында өзі ғана опық жейді. Әлеумет желіде біреуге жаман сөз жазсаңыз, дереу сақтап алады. Бұл жәбір көрген жан үшін бұлтартпас дәлел. Ойы бұзық біреудің құрығына ілінсеңіз, түбіңізге жетпей тынбайды. Ондайдың бетін ары қылсын.

Ғаламтор тегін зат емес. Мұны тиімді қолданбасаңыз, қисапсыз айыппұлға ілініп кету қаупі бар. Бейпіл сөзге ерік бергендер заңмен қудаланады. Заңгерлер, қоғам белсенділері баяғыдан бері тораптың аясын шектеуді ұсынып келеді. Бір күні бұл да заңмен шегеленіп бекітілетіні айқын.

Қолымыздағы құрылғы алысты жақындатып тұр. Айшылық алыс жерден жылдам хабар алғызуда. Айтарымыз, теріс мақсатта қолданбай, оң әрі игі іске пайдаланғаннан артық абырой болмас деп ойлаймыз.

### ТАНЫМ МЕН ТӘРБИЕ

***Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов «Ел боламын десең, бесігіңді түзе…» депті. Расында қай тұстан ақсаудамыз, нендей олқылықтың орны толмай жатыр, соған көңіл бөлетін кез әлдеқашан жетті.***

Қазіргі таңда ғаламтор ғаламды торлап тұр. Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін телефонға телміріп отыр. Әлеуметтік желіде айтыс-тартыстың көркін қыздырып жүр. Арасында ғайбаттап қояды. Кейде пікір оқуға ұяласыз. Бейәдеп сөздің неше атасын оқығанда, шошып түсесіз. Ешкім тоқтау салмаса, арты орны толмас қателікке душар етері анық.

Бүгінгінің ата-анасы таңнан кешке дейін жұмыста. Бала-шағаны материалдық жағынан қамтамасыз еткісі келеді. Сөйтіп, баланың қолына соңғы үлгідегі смартфон, қымбат мектеп формасы, оқуға қажетті құрал-жабдық сатып алып береді. Сонымен қоса, мектепке барып келетін жолкіре, асханадан ішіп жейтін ас-ауқатына қаржы береді. Осылайша баланы барлық нәрсемен қамтамасыз еттік. Алайда, оның тәрбиесі, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы да қадағалауда болуы шарт. Олай етпесе, ол жабайы ағаш сияқты қисық өседі. Бұғанасы бекігеннен кейін, әке-шешеге пысқырып та қарамайды. Ал оның арты жақсылыққа апармайды. Осы жәйтті ертерек ескерген абзал.

Бала таза ақ парақ сияқты. Оған жақсы тәрбие беру парыз. Үлкейгенде ол қоғамның толыққанды мүшесі атанады. Сол кезде инабатты, абыройлы, кісіге ғайбат айтпайтын нағыз азамат болғаны бәріне жақсы. Сондықтан да балағат сөзге үйір болмауды бала жастан құлағына құйған жөн.




ТҮЙІН:

**Заман қандай болса да, оны қалыптастыратын адам болып қала бермек. Бұрынғылар «Жақсы сөз жарым ырыс» деп текке айтпаған болар. Жалғанның өлшеулі уақытын жақсы адамдармен, жақсы сәттерде, жылы сөзбен әспеттеп өткізсек, нағыз бақыт сол шығар деп білеміз.**

МӘСЕЛЕ

# ЕЛІКТІРЕ МЕ, ӘЛДЕ ЕСІРТЕ МЕ?..

## Дүкендерде самсап тұрған электрондық темекілер (вейптер) ұрпаққа айтарлықтай қауіп төндіріп отыр

**Осылай деп дабыл қағып отырған алматылық дәрігерлер темекі бұйымдарының, сондай-ақ вейп және кальянды тұтынудың алдын алу мақсатында, жалпы білім беретін мектептердің оқушылары мен ЖОО, колледж студенттері арасына шығып, әңгімелер өткізе бастады. Олай етпеске шара қалмай барады.**



Дүкендер былай тұрсын, пабликтерде де, анонимді телеграм каналдарда да бұл тауарды үйіңізге тегін жеткізіп беруге ынталы топтардың жарнамалары аз емес. Ал әлеуметтік желі арқылы пайда табуды көздейтіндер тапсырыс берушінің жасын сұрап, бас қатырып жатпасы тағы анық. Иә, жастар арасында вейп шегетіндердің саны күн сайын артып келеді. Жастар тұрмақ, мектеп оқушыларының тартып жүргенін де көріп, біліп жүрміз. Жасөспірімдерді вейптің хош иісі еліктіріп әкетіп жүрген сияқты. Ал вейп құрамында 30-дан астам қауіпті зат бар көрінеді.

*«Электрондық темекі немесе вейп электрондық тасымалдағыш түрінде, мундштук, батарея және қыздырушы бөлшектен, арнайы толтырғыш сұйықтықтан тұратын атомайзерден құралған. Сұйықтық хош иістендіргіш қосындылардан және никотиннен тұрады, жеке түрде – каннабиноид құрамына кіретін, тетрагидроканнабинолдан жасалған. Бұл қондырғылар глицерин және пропиленгликоль негізіндегі сұйықтықты қыздырады, содан темекінің түтіні емес, бу пайда болады. Бұл заттар өкпенің ішіне тұнып тұрып, фиброзға әкеледі. Оны неғұрлым көп тартса, соғұрлым ол тыныс алу жолына кері әсерін тигізеді. Басқаша айтқанда, «өкпе дағы» туындайды»,* – дейді Алматы қаласы №36 қалалық емхананың пульмонолог-дәрігері Даме Сайланова.

Маманның айтуынша, электрондық темекі қарапайым темекіден анағұрлым зиян әрі қауіпті. Себебі, онда никотин буланып, ауыз қуысының шырышты қабатын күйдіреді. Ал бұл онкологиялық ауруларға әкеледі, тыныс алу жүйесін зақымдайды, бас миы тамырларының атеросклерозына апарады. Өйткені, оны тартқан кезде никотин қанға өте жылдам енеді. Содан барып бүйрек безімен адреналин шығып, артериалдық қан қысымы жоғарылап, жүрек ырғағы қысқарады. Бұл жүрекке қатты жүктеме түсіріп, соның салдарынан жүрек-қантамыр ауруы қоза түседі. Адамның ұйқысы нашарлап, ашуланшақ болады. Ал Психикалық денсаулық орталығының психологі Елена Манжикова электрондық темекіні адам неғұрлым жастайынан тұтына бастаса, соғұрлым оны тәуелділіктен құтқару ауырға түсетінін атап өтті.

*«Егер жасөспірім электрондық темекіні, мәселен, 13 жаста тарта бастаса және оны бес жылдан бері тартып жүрген болса, кейін оны тастау өте қиын. Мұнда психотерапияны, аккупунктуралық терапияны, тіпті гипнозды қолдануға тура келеді. Ең алдымен, пациенттің емделуге деген өз қалауы болуы керек және баламен бірге оның ата-анасымен жұмыс істейтін нарколог-психиатр дәрігерге уақытында жүгіну қажет. Емдеу барысында ата-ана өз балаларын қолдап, сол тәуелділіктен арылуына көмектесу керек. Себебі, бұл жағдайдың орын алуына балаларына дұрыс қарамаған ата-аналар да кінәлі. Балаға сондай-ақ, жүрген ортасы әсер етуі мүмкін»,* – дейді Е.Манжикова.

Тақырыпқа орай айта кетсек, биылдан бастап Қазақстанда темекі бағасы 60 теңгеге қымбаттады. Енді бір қорап темекінің бағасы 650 теңгеден басталады. Дегенмен, шылым қымбаттапты деп тартпай кеткендер көбейді деп айта алмаймыз. Керісінше, тұтынушылар саны арта түскен. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2022 жылы қазақстандықтар 15 миллиард дана темекі мен папирос шеккен. Жыл сайын 23 000 отандасымыз шылым шегуден болатын аурулардан көз жұмған.

Қаңтардан бастап вейптердің де бағасы өзгерді. Бір миллилитр сұйықтықтың құны 7 есеге жуық, яғни 8 теңгеден 53 теңгеге қымбаттаған. Болашақта бұл құрылғыларға елімізде мүлдем тыйым салынуы мүмкін. Дегенмен, сарапшылар бұл тыйымға аса сақтықпен қарайды. Олар нарық контрафактілік өнімдерге толады деп алаңдайтынын да жасырмайды.

### P.S.

**Егер балаңыз осындай жаман әдетін тастай алмай, тығырыққа тіреліп жүрген болсаңыздар, Алматыдағы Мақатаев көшесі, 10 мекенжайында орналасқан Психикалық денсаулық орталығы жанындағы емханаға баруыңызға болады. Онда сіздерге тегін түрде консультативтік, медициналық, психологиялық көмектер көрсетіледі. Осы орайда айтып кетеріміз, мамандандырылған көмек құпия түрде көрсетіліп, никотинді тастай алмай жүрген пациенттер диспансерлік есепке алынбайды. Сондай-ақ, тәулік бойы жұмыс істейтін 8 701 733 33 59 нөмірі бойынша «Сенім телефонына» қоңырау шала аласыз.**

МАМАН ПІКІРІ

# УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ ЗЕРТТЕУ

## жүргізу үшін аш қарынға бару керек

**Дәрігерлер алдына келген пациентті қарап, сырқатына қарай дәрі–дәрмек тағайындайды немесе ультрадыбыстық зерттеуге (УДЗ) жібереді. №16 қалалық емхананың ультрадыбыстық диагностика дәрігері Гүлназ Нұғманова УДЗ–ға дайындық кезеңінің негізгі және маңызды аспектілері туралы айтып берді.**

Маманның айтуынша, ультрадыбыстық зерттеуге аш қарынға бару керек, яғни зерттеуге дейін асқазан 5-6 сағат бұрын бос болғаны дұрыс. Сондықтан бұл процедураны күннің бірінші жартысында жоспарлаған жөн.

*«Егер зерттеу сағат 16.00-ден кейін жүргізілетін болса, таңғы ас ішуге болады, бірақ таңғы сағат 08.00-ден кешікпеген абзал. Темекі тартатындар процедура өтетін күні шылым шекпегені жөн. Тұрақты іш қатудан зардап шегетін адамдар процедура қарсаңында ішектерін босату үшін тазартқыш клизма жасауы керек. Бүйрек пен қуықтың ультрадыбыстық зерттеуін қажет ететіндер процедураның басталуына бір сағат қалғанда 1,5 литр сұйықтық ішу керек. Ал егер кіші жамбасты трансабдоминальды тексеретін болса, онда 0,5 литр су ішкен абзал»,* – дейді Гүлназ Нұғманова.

Сондай-ақ, маман ультрадыбыстық зерттеу алдында рұқсат тұтынуға болатын өнімдерді атап өтті. Олар – құс пен балықтың майсыз сорттары, сиыр еті, жарма ботқасы, піскен тауық жұмыртқасы, қатты табиғи ірімшіктің майсыз сорты. Қуырылған (тіпті рұқсат етілген) тағамдардан аулақ болу керек. Барлық өнімді қайнатылған немесе буға пісірілген түрде тұтынған жөн. Іш қуысының ультрадыбыстық зерттеуіне дайындық алдында бұршақ дақылдарын, нан өнімдерін, шикі өсімдік тағамдарын, қырыққабатты, сүт және ашытылған сүт өнімдерін, кез келген газдалған сусындарды, алкоголь және алкогольсіз сусындарды, кофе және кофеинді сусындар мен коктейльдерді және тәтті десерттерді тұтынбау керек.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР



# 91 ЖАСТАҒЫ ӘЖЕГЕ

## шұғыл ота жасалды

**Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының хирургия бөлімшесінде «Холелитоз. Жедел флегмонозды калькулезді холецистит. Көптеген холедохолитиаз. Жалпы, өт өзегінің терминалдық бөлігінің стриктурасы. Механикалық сарғаю. Холестатикалық гепатит» диагнозымен түскен 91 жастағы науқасқа шұғыл ота жасалды.**

Пациенттің жалпы жағдайын жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия, 2007 жылы бастан өткізген миокард инфарктісі, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, 3-ші дәрежелі артериялық гипертензия, 2-ші типті қант диабеті сияқты ауыр қатар жүретін ауыр аурулардың болуы қиындата түскен. Кейуанаға жасалған отаға ҚЖШККА хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Бақтияр Бекішев жетекшілік етті. Ота сәтті өтті.

Бақтияр Бекішев анестезияның жаңа әдістері, сондай-ақ ота кезінде ағза жұмысын бақылаудың қазіргі әдістері көптеген созылмалы аурулары бар қарт адамдарға да хирургиялық емдеуді жүргізуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Отадан кейін науқас жансақтау бөлімінен хирургиялық бөлімшенің жалпы бөліміне ауыстырылды және ота жасалғаннан кейін 9-шы күні үйіне шығарылған.

*«Бұл мамандардың жақсы үйлестірілген жұмысының нәтижесі. Осының арқасында тағы бір адамның өмірін аман алып қалдық»,* – дейді дәрігер. Ал өз кезегінде кейуана ақ халатты абзал жандарға ақ батасын берді.

МЕДКӨМЕК

# АНА мен БАЛА

## денсаулығы маңызды

**ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ана мен бала денсаулығын сақтау шараларын күшейтті. Бұл туралы министрліктің баспасөз қызметі хабарлады.**



Жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелерге білікті медициналық көмек көрсету үшін 18 ұрықты сақтау орталығы ұйымдастырылып, пренаталдық диагностика бойынша 150-ден астам ультрадыбыстық маман оқытылған. Бір жылдың ішінде министрліктің мамандары аналардың сырқаттанушылығы мен өлімін төмендету мақсатында ауыр жағдайдағы жүкті, босанатын және босанған әйелдерге күнделікті мониторинг жүргізді.

Былтыр «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының» ресурстарын пайдалана отырып, ғылыми және республикалық клиникалардың профессорларымен және жетекші бейінді мамандарымен бірлесіп жүктілік және босану ағымы асқынған 910 әйелге 1391 медициналық қызмет көрсетілді. Санитариялық авиациямен 200 ұшу орындалған. 21 әйелге операция жасалып, ауыр жағдайдағы 180 пациент облыстық және республикалық клиникаларға жеткізілген. Қабылданған шаралардың нәтижесінде ауыр жағдайдағы әйелдердің 1237 немесе 96%-ы құтқарылған.

Кейінгі 5 жылдың ішінде елде бала туудың өсуі байқалды, ол 2021 жылы 446 мың бала дүниеге келген кезде ең жоғары деңгейге жетті, 2022 жылы 412 мың нәресте дүниеге келді. Қазақстан Орталық Азияда туғаннан бастап кардиохирургиялық операциялар жүргізілетін жалғыз мемлекет. 2022 жылы туа біткен жүрек ақаулары бар балаларға 1800-ден астам ашық жүрекке операциясы (оның 75%-ы бір жасқа дейінгі балаларға) жасалған. Шеберлік сабағы шеңберінде Германия мен Түркиядан шетелдік мамандарды тарта отырып, күрделі ақаулары бар 24 балаға операция жасалды. Аса ауыр жағдайларда балалардың өмірін құтқару үшін Қазақстанда телемедициналық технологиялар мен медициналық авиация іске асырылды.

**Бетті әзірлеген**
**Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

# ТАУАР БЕЛГІСІ
## тұтынушы мүддесін қорғайды

Қаржы министрлігінің былтырғы мәліметінше, жыл сайын кеден органдары тауар контрабандасына қатысты 5 мыңнан астам фактіні анықтайды екен. Оның салдарынан республикалық бюджет 1 млрд теңге кірістен қағылады.

**Кез келген тауардың заңды белгісі болуы шарт. Ол алдымен тұтынушының тауарға деген сенімінің кепілі, тауарды дараландырудың белгісі болады.**



Тауарды белгі арқылы таңбалау елімізде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Ең бірінші тері бұйымдары мен аяқкиім таңбаланды. Тауар тізімі бірте-бірте кеңейіп келеді. Елде тауар таңбалау ісі 2017 жылдың қарашасында басталды.

Еуропаның біраз елінде тауар контрабандасы ауыр қылмыс ретінде емес, салықтар мен кедендік алымдарды төлеуден жалтару үшін қаржылық құқық бұзушылық ретінде қарастырылады. Германия, Франция, Швеция заңнамасында мұндай құқықбұзушылықтар үшін қылмыстық емес, заңсыз әкелінген тауарларды тәркілеу және оның бағалау құнынан айыппұл салу арқылы қаржылық жазалар қолданылады. Ал бізде ше?

**Алматы қаласы Әділет департаментінің баспасөз хатшысы Алмас Бекботаев зияткерлік меншік объектілері мен тауар белгілерін тіркеу және қайта тіркеу, авторлық құқық бұзылған кезде артылатын жауапкершілік мәселелерін түсіндірді. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институты – тауар белгісін тіркеудің уәкілетті органы.**

*«Тауар белгісін тіркеу үшін өтінімді рәсімдеп, оны ҚР ӘМ «ҰЗМИ» РМК-ға беру қажет. Сіз тауар таңбасын тіркеуге өтінімді мынадай тәсілдермен беруге құқылысыз: kazpatent.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы; Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталы арқылы – www.egov.kz.*

*Сауда белгілерінің әртүрлі болатыны көпшілікке белгілі. Дегенмен, барлық кәсіпкер мен азаматтар тауар белгісін алудың, тіркеудің, сақтаудың заңды және қаржылық-экономикалық салдарын, сондай-ақ «бөтен» белгіні заңсыз пайдалануды түсінбейді. Тауар белгісі тұтынушыға қажетті өнімді таңдау және сатып алу кезінде негізгі нұсқаулық ретінде қызмет етеді, өйткені белгі белгілі бір сапа деңгейімен, оның беріктігімен, бұрмалануымен және т.б. байланысты. Тауар белгісінің тағы бір функциясы – тауар өндірушілерге өз өнімдерін нарықта «тануға», маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыруға және т.б. мүмкіндік беру»,* – деді А.Бекботаев.

### ТАУАРДЫҢ ЖАЛҒАНДЫҒЫН АЖЫРАТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Жалпы, аумақтық әділет органдары заңсыз жол арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысатындардың мәселесімен, құқық иелерінің, адал кәсіпкерлердің қолданыстағы заңдары мен құқықтарын қадағалаумен, тіркелген тауар белгілерін пайдаланудағы заңсыздықтардың жолын кесумен айналысады. Мамандардың айтуынша, бүгінде тауар белгісінің барлық функциясы қазіргі нарық жағдайында әлсіз жұмыс істейді әрі көбінесе қарама-қайшы мақсатта қолданылады.

Алматы қаласы Әділет департаментінің қызметіне жеке және заңды тұлғалардың тауар таңбасын, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды пайдаланудың заңдылығын тексеру кіреді. Оны зияткерлік меншік құқығы бөлімі жүзеге асырады. Заңға сәйкес зияткерлік меншік саласындағы бақылау әділет органдарына жүктеледі және тексеру нысанында жүзеге асырылады.

Тексеріс Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің талаптары мен нормаларымен, сондай-ақ «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен регламенттелген.

Мораторий енгізілгенге дейін, яғни 2019 жылдың кезеңінде департамент 49 тексеріс жүргізді. Нәтижесінде 47 құқықбұзушылық анықталды. Салынған айыппұл сомасы 3 млн 458 мың 770 теңгені құрады. Заңсыз айналымнан жалпы сомасы 5 млн 803 мың 30 теңгені құрайтын 22 516 бірлік контрафактілік өнім алынды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы Жарлығына сәйкес, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне бару арқылы тексерістер мен профилактикалық бақылау жүргізуіне 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін мораторий енгізілген болатын.

### ЖАЛҒАН ӨНІМ ЗАҢСЫЗ

2020–2022 жылдары аралығында Алматы қаласы Әділет департаменті жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша «L.O.L.SURPRISE», «SAMSUNG», «Greenfield», «Penoplex/Пеноплэкс», «LIQUIMOLY», «Moskovskaya» тауар таңбаларын заңсыз пайдалану фактісі негізінде орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты 7 кезектен тыс тексеру жүргізді.

Заңсыз айналымнан жалпы сомасы 2 638 540 теңгені құрайтын 2017 бірлік өнім тәркіленді және жойылды. Кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 920 218 теңге айыппұл салынды. Департамент анықтаған құқықбұзушылықтардың негізгі объектілері – тұрмыстық химия, контрацепция құралдары, алкоголь өнімдері, киім-кешек және әлемге әйгілі өндірушілердің тауар белгілерімен белгіленген автомобиль бөлшектерінен бастап, кеңінен тұтынылатын тауарлар. Аталған объектілерді заңсыз пайдаланғаны үшін жеке тұлғаларға – 20, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 30, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 80 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынып, тауар белгісінің, белгінің заңсыз бейнесі бар тауарлар тәркіленіп, жойылады.

### АЛМАТЫДА КОНТРАФАКТІЛІК ШҰЛЫҚТАРДЫ БАЛАЛАР ҮЙІНЕ БЕРМЕК БОЛҒАН

Шұлықтарды балалар үйінің тәрбиеленушілеріне деп өткізбек болған. Бірақ сараптамадан кейін ондай іс-әрекетке бармаған. Себебі, жалған өнім тек заңсыз ғана емес, зиянды болып шыққан.

*«Шұлықтар тәркіленгеннен кейін іс сотқа жіберілді. Біз сотқа өнімді балалар үйіне немесе әлеуметтік мекемелерге беруді ұсынуды жөн көрдік. Сараптамаға сәйкес, контрафактілік өнімдердің адам терісіне қауіпті химиялық қасиеттері бар екені анықталды. Сот шешімімен өнімдер жойылды»,* – деді А.Бекботаев.

КЕРЕК ДЕРЕК

**– Тауар белгісін тіркеу үшін өтінімді рәсімдеп, оны ҚР ӘМ «ҰЗМИ» РМК-ға беру қажет.**
**– Тауар таңбасын тіркеуге өтінімді мынадай тәсілдермен беруге құқылысыз:**
**– kazpatent.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы;**
**– Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталы арқылы – www.egov.kz.**

**P.S.**

**Кез келген өнімді сатып алмас бұрын оның сертификатын сұрау керек.**

ПОЛИЦИЯ



# ҚАУІППЕН КҮРЕС
## Оқушылар үшін жол иллюстрациялары әзірленді

**«Назар аударыңыз, балалар!» алдын алу іс-шарасы аясында жол қозғалысы ережелері бойынша түрлі-түсті брошюралар, буклеттер мен жадынамалар әзірленіп, қаладағы жалпыға білім беретін мектептердің бастауыш сынып оқушылары арасында таратылды.**

*«Мақсат – балалардың қала көшелерінде өзін-өзі ұстау ережелері туралы білімдерін кеңейту, көшеде қауіпсіз жүріс-тұрысының тұрақты дағдыларын қалыптастыру, жолда өз әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін ояту. Түсіндіру жұмыстарына көп көңіл бөлінеді. Бастауыш сынып оқушылары арасында тақырыптық сабақтар өткізілді. Балалар жолда жүру ережелері туралы білімдерін кеңейтіп, тәжірибелерімен бөлісті, жолды дұрыс кесіп өту жолдарын білді. Сондай-ақ, мектеп оқушылары үшін жол қозғалысы ережелері туралы иллюстрацияланған бояғыш кітаптар, буклеттер, брошюралар әзірленді»,* – деді Алатау аудандық ПБ ӘПБ-нің аға мемлекеттік жол инспекторы Қуаныш Тәбеев.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

# АБАЙЛАҢЫЗ, ҚАЛТАҚАҒАР!
## Алматы полициясы тағы бір ұрыны қолға түсірді

**Егде жастағы ер адам қалалық қоғамдық көлікте жолаушылардың қалтасына «түскен». Азаматтардың қалтасынан әмияндар мен телефондардыептілікпен ұрлап жүрген.**



*«Алматы облысының тумасы қаланың Алмалы ауданында ойын жүзеге асырған. Ұрлық Төле би даңғылымен жүретін қоғамдық көліктердің бағыттарында жасалған. Ұсталғанға дейін ұрлығын Төле би даңғылы мен Байтұрсынов көшесінің қиылысында 201-қоғамдық көлікте жасады. Ер адам жолаушының қалтасынан Iphone телефонын ұрлап кеткен. Ұсталғаннан кейін мобильді құрылғы тәркіленді. Сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Күдікті қамауға алынды»,* – деді Алматы қалалық Полиция департаменті басшысының орынбасары Дидар Аханов.

Ұсталған азаматтың 6 қалта ұрлығына қатыстылығы дәлелденді. Полиция қызметкерлері қалта ұрысының қала аумағында жасалған осыған ұқсас басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоғын анықтауда.

**Бетті әзірлеген**
**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН

**Азаттықтың ақ таңы атқан жылдары көп өзгеріс орнады. Соның ішінде спорт саласында жақсылықтар көп болды. Алғашқы лек өте дарынды әрі отаншыл рухта болған сияқты. Олар Олимпиаданың төрінде намысты ер екенін дәлелдеді. Сөйтіп, дүйім жұртқа қазақтың абыройлы һәм баһадүр халық екендігін танытты. Егемендіктің елең–алаң шағында жоқтан бар жасаған спортшыларымыздың ерлігі бүгінгі буынға үлгі. Онысын мың қайталап, үнемі жадымызда ұстаған дұрыс. Өйткені, кешегі игі іс бүгінге өнеге, ертеңгі тарих.**



# ЕР БЕКЗАТ

## қазақтың айбынын асқақтатқан жарық жұлдыз еді...

Біз көп жағдайда өткенге көз жүгірте бермейміз. Үнемі биікті көздейміз. Дейтұрғанмен, кісі ұмытса да, шежіре сөйлеп тұратын кез болады. Бекзат Саттарханов қазақ бокс өнерін дүние жүзіне паш етіп, жасындай жарқ еткен тұлға болды. Ол 2000 жылғы Сидней Олимпиадасында алтын медаль еншілеген қазақтың айбынды ұлы еді. Небәрі 20 жасында өзінің мықтылығын дәлелдеп, сол жылы оқыста дүние салды. Алайда, оның жетістігі күллі елдің бақытына баланды.

### ЖІГЕРЛІ РУХ

Әрдайым ойда жүретін бірнәрсе бар. Ол адамның ішкі түйсігі. Сол түйсік үнемі алға жетелесе, онда жігерлі рух пен қайраттың қалыптасқаны болар. Уақыт озған сайын осы құндылықтың жүзі қайрала түскендей. Әлгінде ештеңе әлі қалпына келмеген тұста, талпыныс мықты болатынын тілге тиек еттік. Бекзат ағамыз боксқа 15 жасында бет бұрыпты. Сонда арада 5 жыл өткен соң үлкен нәтижеге қол жеткізді. Таңқаларлық дүние деп осыны айтыңыз.

Қазір барлығы бар. Спорт залдар деген самсап тұр. Груша, былғары қолғап, спорттық киім және аяққиім, бәрі жетерлік. Шетелден қаншама спорттық тауарлар келуде. Бұл салаға бөлінетін қаржы да аз емес көрінеді. Арнайы Қазақстан бокс федерациясы жұмыс істеп тұр. Соның өзінде даңқты тұлғамыздың жолын жалғайтын Олимпиада чемпионы шықпауда. Ең мықтыларымыз төртжылдықтың басты бәсекесінде сүрінеді. Соңғы «Токио–2020» әлемдік сайысында сағымыз сынды. Үкілеген үміттеріміз сылбыр қозғалып, қарсыласқа соққы дарыта алмады. Басқаны былай қойғанда, көрші алатақиялы ағайыннан айламызды асыра алмадық. Сонда бар жағдай жасалса да, сонау 2000 жылдардың кезіндегі жетістіктің маңайына да бара алмай дал болдық. Бұйырса, келесі жарыста, бәсіміз жоғарылар. Алдағы күннен үмітіміз зор.

Кейде әр спортшыға жігерлі рух керек деп тұжырымдаймыз. Олай ойлайтынымыздың да өз себебі баршылық. Адам неғұрлым қазақи рухта болса, намысты қолдан бермейді. Сонда ғана бақ та, бап та қатар шабады.

### ҚҰЛШЫНЫС

Бокс – ауыр спорт. Мұнда әлсіздік жүрмейді. Қайта үнемі машықтану керек. Сонымен бірге, ең керегі құлшыныс. Жас кезінде Бекзат Брюс Ли, Джет Ли, Джеки Чан сынды тұлғалар туралы киноларды көріп өсіпті. Бұл фильмдер шығыстық жекпе-жек өнеріне бағытталған болатын. Демек, осындағы әдіс-тәсілдерге қызығып, зердесіне тоқи білген. Соның арқасында спортқа деген қызығушылығы артқан, діттеген мақсатына жеткен.

Өмірде спортшыға ең қажетті қасиет – құлшыныс. Осы қасиет қаракөздеріміздің бойында болса, Олимпиаданың алдын бермес едік. Осы күнгілерге осы игі мінез жетіспейтін сияқты. Ұдайы жеңіліс тапса, өзгеге итереді. Өз уақытында жертөле, біреудің жаман тамы, сыры кеткен жаттығу залдарында дайындалып, айдай әлемге мықтылығын дәлелдегендер болды. Сонда ол кісілер кінәні сырттан іздемеді. Ішкі құлшынысы ұдайы алға сүйреді. Соның нәтижесінде өте зор құрметке бөленді.

Қазір спорт кешендері салынып жатыр. Бірінен-бірі асқан зәулім ғимараттар көз тартады. Спортқа барып, қатысып жүрген жасөспірімдер жетерлік. Алайда, дәп Бекзат ағамыздай айбынды, отаншыл, жігерлі азаматтарды көзіміз шалмай тұр. Бәлкім, алда құлшынысы артқан, нағыз өз саласының шебері туып қалар.

### ПАТРИОТ

Түркістан – қасиетті өңір. Қазақ хандығының 250 жыл бойғы ордасы. Талай игі жақсылар ғұмыр кешкен әрі мәңгілік қоныс тепкен өлке. Қазақы пайыммен айтқанда, құтты мекен. Түбі бір түркі жұрағатының ортақ мәдени һәм рухани астанасы. Бұл өлкенің халқы өр, рухы бекем. Сол топырақта Бекзат ағамыз туылып, білім нәрін алып, спортқа бейім болып өсті. Оны осыған дейін жазылған мақала, деректі фильм, жақын-жуықтарының айтуынан білеміз.

Бекзат Саттарханов – нағыз патриот. Дара тұлға жас болса да, қазақтың қамын ойлап өтті. Әр уақытта жастардың құр босқа сенделуіне қарсы болды. Одан да жаттығу залдарына барып, өз-өздерін шынықтыруға кеңес берген-тұғын. Шын мәнінде, әлемге әйгі ететін бір сала ол – спорт. Мұны қайталап айтудан танбаймыз. Себебі, бұл сала, физикалық күш пен қуатты талап қылады. Мықтылар бұл ғаламда атой салса, сылбырлар өз жөнін табады.

Патриот – елдің бағы. Ол міндетті түрде ақын-жазушы ғана болуы шарт емес. Әсіресе, шетелде өзінің ұлттық құндылығын насихаттайтын спортшылар көп. Сол елдің бас киімін, ұлттық нақыштағы нымша, белбеу байлап алатындарға қарап сүйсінеміз. Кейде өзге елде тұрса да, халықаралық тілдерде сөйлемейді. Өз ана тілін бәрінен биік қояды. Міне, дәп осындай дара қазақи мінез біздің бүгінгі кейіпкеріміздің тұла бойында бар еді. Осы жағынан жас спортшылар үлгі алып, ескерсе дейміз.

ТҮЙІН:

**Бекзат Саттарханов – қазақ бокс өнерінің бағы мен айбыны. Сонымен бірге, еліміздің айрықша тұлғасы. Оның қысқа ғана ғұмырында Олимпиада жеңімпазы атануы үлкен құбылыс. Жастар қазақтың айбынды ұлдарын ұмытпауға тиіс. Ел арасында «Өткенді ұмытсаң, болашақ саған тас атады» дейді. Айдаладағы түрі де, тынысы да бөлек біреуді ұлы тұтпайық. Одан да қазақтың баһадүрі, аңыз тұлғаларымызды ұлықтап, өскелең ұрпаққа насихаттай білейік демекпіз.**

ВЕЛОСПОРТ

# ЕКІ АЛТЫН!

**Маунтинбайк велоспортынан Қазақстан құрамасы Түркияда өткен жарыста төрт медаль жеңіп алды. Қиын да қатпарлы жолдар біздің спортшыларға қиынға түссе де, бәрінен оза шапты. Осылайша оқ бойы озық келді.**

Велошабандоздар барын салды. Қарсыластарын қалтарыста қалдыруға тырысты. Дегенмен, түріктер, ағылшындар осал болмады. Олар әрдайым бұл жарысқа дайын болған сияқты. Құр жаттығып қана қоймай, таулы жолдарды игеріп білуге тырысты. Бірақ спортшыларымыз дес бермеді. Шайтан арбада қарсыластарын шаң қаптырды. Нәтиже – қос алтын.

Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегінше, алдымен Алина Саркулова топ жарса, Татьяна Генелева үшінші орынды иеленді. Отандасымыз Алина осы сайыстан кейін Түркияның Kizilalan MTB Cup Alanya жарыс турнирін жеңіп алды. Генелева сол стартта екінші орынға табан тіреді. Жалпы, жерлестеріміз үздік нәтижемен сайысты сәтті тәмамдады.




КӘСІПҚОЙ БОКС

# ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

**The Ring журналының ресми сайты барлық салмақ дәрежесіндегі боксшылар рейтингін жаңартты. Отандасымыз үздік үштікке енді. Оның бұл белесі жанкүйерлеріне рух сыйлады.**




WBA Super, IBF және IBO нұсқалары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкин бірінші орында қалды. Екінші орынға мексикалық Хайме Мунгия көтерілді, ал WBO белбеуінің иегері Жәнібек Әлімханұлы төртінші орыннан үшінші орынға жоғарылады. Бұл туралы ҚазАқпарат Instagram-дағы «Қазақстан кәсіпқой боксы» парақшасына сілтеме жасай отырып мәлім етті.

**Орта салмақ боксшыларының рейтингі мынадай:**

1 (1). Геннадий Головкин (Қазақстан).
2 (3). Хайме Мунгия (Мексика).
3 (4). Жәнібек Әлімханұлы (Қазақстан).
4 (6). Карлос Адамес (Доминикан Республикасы).
5 (-). Лиам Смит (Ұлыбритания).
6 (7). Риота Мурата (Жапония).
7 (8). Сергей Деревянченко (Украина).
8 (9). Эрисланди Лара (Куба).
9 (10). Феликс Кэш (Ұлыбритания).
10 (5). Кіші Крис Юбэнк (Ұлыбритания).

**Бетті әзірлеген**
**Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ



**Бауыржан ЖАҚЫП,**
**филология ғылымының докторы, профессор:**

# ДІН мен ДӘСТҮР бір-бірімен сабақтас ұғым

**Мен бала кезімнен ұлтымыздың ұлы перзенті Абай өлеңдерінен сусындап өстім. Содан болар, имандылықтан, ибалылықтан, адамгершіліктен аттаған жоқпын. «Алла – мінсіз әуелден, Пайғамбар – хақ. Мүмін болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ», – дейді Абай.**

Абайға ұқсағым келгендіктен, ұлттың ұлы болуға тырыстым. Ал ұлтын сүйген перзент болу үшін, әрине, ұлттың тілін, дінін, дәстүрін, салт-санасын құрметтеу керек. Бұл құндылықтардың бәрі де – қазақтың сонау замандардан бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіліп келген асыл мұрасы. Асыл мұраны жүрегінің түкпіріне сақтай алмаған, өмірлік темірқазығына айналдыра алмаған адам ұлтын сүйе алады дегенге өз басым сенбеймін.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңда ұлтының дінін, дәстүрін құрметтемейтін жандарды кезіктіріп қаламыз. Өзінің баға жетпес байлығына мұрын шүйіре қарап, өзгенің қаңсығын таңсық көретін адамдар бар. Әсіресе, бұл жағынан Батысқа еліктегішпіз. Солардың жабайы «мәдениетін» құрметтейтіндерге қайран қаламын. Шыны керек, бұл жағынан Батыс елдері бізді әбден былғады. Батысқа еліктегендер өз дәстүрімізді жоққа шығарып, дінімізді белден басып барады. Осы тұста кезінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Бас мүфтиі Ержан қажы Малғажыұлының бастамасымен жарық көрген «Дін мен дәстүр» атты кітап елді имандылыққа тәрбиелеуімен құнды. Қаламгер ретінде мұндай кітаптардың шыққанына қуанамын.

Ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасуы үшін дін мен дәстүрдің атқарар маңызы зор. Біздің қазақ халқының түп негізі әуелден мұсылманшылықта жатыр. Сондықтан да ұлтымыздың салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүр-жоралғысының бәрі де діннен алынған. Алайда, кешегі кеңестік кезеңде дініміз бен дәстүріміздің басына қара бұлт үйірілгені жасырын емес. Соның салдарынан халқымыз дербестігінен ғана емес, дінінен де айырыла жаздады. Діннен кеткен соң дәстүріне де сызат түсті. Алайда, ата-баба жолынан айныған емеспіз. Дінімізді, дәстүрімізді, даналардың асыл сөздері – әдебиетіміз сақтап қалды. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап, өшкеніміз қайта жанып, дініміз гүлденіп, дәстүрімізге жан бітіп жатыр. «Дін мен дәстүр» жинағын осы азаттықтың арқасында қол жеткізген мол табыс деп білемін.

Тәуелсіздікке қол жеткізген соң ұлттық құндылықтарымызға да мән бере бастадық. Кезінде көзімізден бұлбұл ұшқан асыл мұраларымызды қайтадан сара жолға салып жатырмыз. Дін мен дәстүр қашанда бір-бірімен сабақтас ұғым. Екеуі егіз тақырып. Дін бар жерде дәстүр, дәстүр бар жерде дін де бар. Алайда, соңғы жылдары осы екі асыл құндылықты бір-біріне қарсы қоюға құмар топтар пайда болды. Олар қазақтың салт-санасы мұсылманшылықта жатқанын жоққа шығарғысы келеді. Олар дін мақсатын жаңсақ түсініп, түрлі қателікке бой алдырып жатыр. Содан келіп дәстүр мен мәдениеттің тамырына балта шаппақ болады. «Дін мен дәстүр» кітабы осындай «білімпаздарға» дәстүрді мансұқ ету мәңгүрттің әрекеті екендігін дөп басып түсіндіреді. Бұл кітап дәстүр мен дін арасындағы байланысты тереңірек ұғындырады. Сондықтан да бұл жинақты барша қазақ жұрты, әсіресе, жастардың оқығанын құп көремін.

Жастарымыз ар-иманын ту еткен ата-бабаларымыздың ақ жолынан таймас үшін олардың ұстанған дінін, дәстүрін қасиет тұтуы тиіс. Сонда ғана олардың ұлттық болмысы қалыптасып, мұраларымызды мансұқ етпейді. Құндылықтарын қадір тұтып, бағалай біледі деген ойдамын. Дінінен, дәстүрінен ажыраған ұлттың болашағы бұлыңғыр. Ұлттық болмысымызды сақтау үшін дінімізге, дәстүрімізге берік болуымыз қажет. Сонда ғана елдігімізді сақтап қаламыз.

Қазақ – дәстүрге бай халық. Салт-дәстүр көрінісі тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірімізде орын алып жатыр. Халқымыздың ұлттық дәстүрінің көпшілігі ислам дінімен бірге өрілген. Демек, қаншалық қонақжай, мейірімді, биязы болсақ, мұның бәрі де бізге діннің берген нығметі. Қазақ халқы ешқашан да асыл дінінен ажырап, әдет-ғұрпын аяққа таптаған емес. Тіпті, кешегі кеңестік қиынқыстау заманда да, Алла Тағаланың шариғатына кереғар келген жоқ. Ал қазір, Аллаға шүкір, азаттықтың саф ауасымен тыныстап, қазақ ұлтының қайта түлеген кезеңіне куә болып жатырмыз. Тәуелсіздікпен бірге жоғалтып алған асыл байлықтарымыз да келді. Алла Тағаланың әмір еткен амалдарына ден қоя бастадық. Дәстүрімізді дәріптеп, дінімізге деген құрметіміз күшейді. Кітапта тұжырымдалғандай, «Дәстүріңді баққаның – үмітіңді жаққаның. Салт-дәстүріне, ұлттық ерекшеліктеріне ерекше мән берген елдің іргесі берік, келешегі кемел».

Дін мен дәстүрдің біртұтастығын сақтау жолында жұмыс жасау керек. Текті бабаларымыз қалдырған аманатқа адал болайық! Сонда ғана толыққанды ұлт болып қалыптасарымыз анық.

ҚҰРЫЛТАЙ




# АНАЛАР АМАНАТЫ

**Таяуда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Алматы өкілдігі бойынша «Әйел-қыздар» секторының ұйымдастыруымен шаһардың ардақты аналары мен аяулы әжелері жиналып, құрылтай өткізді.**

Алматы Орталық мешітінде бас қосқан аналар мен әжелер дін мен дәстүр жолын жалғастырып, өскелең ұрпаққа аналардан қалған аманатты жеткізуді көздейді. «Рухани жаңғыру жолындағы Жаңа Қазақстанның ұлттық болмысын жаңғыртуға үлес қосу біздің үлкен міндетіміз», – деген алматылық әжелер тобы қаланың әр ауданында игілікті шара жалғасын табуға ниетті екенін жеткізді. Алматы қаласы бойынша өкілдік, «Әйел-қыздар» секторының меңгерушісі Гүлмира Ілесбайқызының айтуынша, құрылып отырған әжелер мектебі алдағы уақытта ұмытылып бара жатқан салт-дәстүр негізінде семинар, шеберлік сағаттарын тұрақты түрде өткізуді қолға алуды жоспарлап отыр.

*– Бұл әжелер мектебі өз кезегінде жас қыздарымыз бен жаңа түскен келіндерге дұрыс бағыт-бағдар беріп, дәстүрлі ислам діні мен әдет-ғұрыптарымыз арқылы тәрбиелеудің бір көзі болмақ. Аналар аманатын өскелең ұрпаққа жеткізу парызымыз деп білетін әжелер қауымын осы іс-шараларға қатысып, белсенділік танытуға шақырамыз,* – деді ұйымдастырушылар.

Сондай-ақ, Гүлмира Ілесбайқызы жиынға келген ардақты аналар мен аяулы әжелерге алғысын білдірді.

БІЛГЕНГЕ – МАРЖАН

# ЖАЛҒАН СӨЙЛЕУ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

**Исламда өтірік айтуға, жалған сөйлеуге тыйым салынған. Өтіріктің туыстар арасында немесе құрдастар арасында, желіде деген сияқты түрлері жоқ. Өтіріктің қайсысына болса да рұқсат берілмейді.**

Қазіргі жаһандану заманында желідегі өтірік ақпараттың зардабын бүтін халық, ұлттар мен ұлыстар тартуы мүмкін. Себебі, ғаламтор желісі әрбір шаңырақта, әрбір адамның қолына ұстаған ұялы телефонда бар. Жалған ақпарат тарату немесе хабарлама жасау мұсылман үшін ғана емес, жалпы адамшылыққа теріс амал. Ислам діні мұсылмандарды өтірік сөйлеуден қатты қайтарған. Мысалы, дүниеде өтірікші адам ақыретке дейін өзінің айтқан өтіріктерін арқалап жүреді екен.

Пайғамбар (с.ғ.с.): ***«Бұл түні үйге екі кісі келді. Маған ол екеуінің ішіндегі езуі жыртылған, өтірікшісі сөйледі. Мен оның үстіне арқалаған өтірігі көкке жетіп тұрғанын көрдім. Ол осындай күйде қиямет күніне дейін жүреді»,*** – деп айтқан (Бұһари).



# ЖҮРЕКТІ ЖҰМСАРТАТЫН ЖЕТІ АМАЛ

**«Естеріңде болсын, Алланы еске алумен жүректер жай табады»,**

**(РАҒЫД, 28)**

**1) Алланың кәләмі – Қасиетті Құранды ықыласынтамен күніне бір бет болсын оқып тұру. Әрі Алладан амалда ықыласты болуды сұрап, дұға жасау;**

**2) Қоғамда жақсы жандармен бірге болып, олардың сөздері мен істерін үлгі тұту. Жеке қалған уақытта жасаған күнәларын еске алып, тәубе ету;**

**3) Өлімді және оның ащы дәмін сезініп, жәннат пен ондағы нығметтерді, тозақты және ондағы азаптарды үнемі еске алып жүру;**

**4) Әркез molаларды зиярат етіп, өлімді еске алу. Науқастар мен хәл үстінде жатқан жандардың жағдайынан хабар алып тұру;**

**5) Күнделікті өмірдегі көп күлу, көп сөйлеу, көп жеу сынды жағымсыз әдеттерден арылып, сауапты һәм пайдалы ғибадаттарға көбірек көңіл бөлу;**

**6) Жаратушы Алланы зікір етіп, жаратылысты пікір етіп, әсерлі насихаттарды тыңдауға дағдылану;**

**7) Алып аспан, төселген жер, ондағы сансыз нығметтер жайлы ой жүгіртіп, үлкен және кіші күнәлардан бойды аулақ ұстау.**

**Бетті әзірлеген**
**Айнұр СЕНБАЕВА.**

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

# МАХАББАТ ДАСТАНЫ

## немесе 14 ауыр отаны бастан өткерген Әнел мен оның барлық ауыртпалығын бірге көтеріскен Марлен туралы хикаят

**Біздің Димаш Құдайберген көпке мөлдір махаббат хикаясымен танымал болған Марлен мен Әнелдің Дінмұхаммед есімді ұлына кіндік әке болды. Бұл туралы жас ерлі-зайыпты өздерінің Instagram парақшасында әншімен түскен суреттерін жариялай отырып, қуана хабарлады.**

Нұржамал ӘЛІШЕВА






### Қос ғашық

«Баламыздың кіндік папасымен алғашқы суреті. Біздіңദималёктің кіндік папасына көп рахмет! Димаш сияқты ел сыйлайтын жақсы, адал жан болсын», – деп жазды Әнел. Әлеуметтік желі қолданушылары да жас отбасыны құттықтап, жылы лебіздерін жеткізді.

Иә, жақында Марлен мен Әнелдің тұңғышы ұлы дүниеге келіп, сәбиге Дінмұхаммед деген есім берген болатын. Енді Димаш кіндік әкесі болған бөбектің ата-анасы кімдер, соған аз-маз тоқтала кетейік.

Әнел мен Марленді ешкім ұмыта қоймаған болар. Ерекше махаббат иелері туралы оқырмандарымызға айта отырайық.

Әнел Мұратова мектепте жүргенде сырқатқа шалдығады. Марлен Нұргасенов екеуі бір мектепте оқыған. Екі жастың достығы мектеп қабырғасында басталыпты. Алғашында екеуі телефонмен, ғаламтор арқылы сөйлесіп жүрген. Кейін Марлен 9-сыныпты бітіріп, Ақтөбеге колледжге оқуға түседі, ал Әнел мектепте оқып жүреді.

Қыз 2009 жылы өкпесіне салқын тигізіп алып, ауруханада ұзақ жатады. Ауруы меңдеп, олар анасы екеуі Ақтөбе қаласына тексерілуге барады. Марлен бұл туралы досынан естіп, қызға келеді. Сол кезде екеуі бір-біріне жақынырақ жүріп, қалада қыдырады. Бірақ Әнел оған өзінің ауруы жөнінде ештеңе айтпайды. Марлен болса, оны Құлсарыға пойызға шығарып салады. Ал бір жылдан соң Әнелдің бір өкпесін түгелімен алып тастау керек болған. Әнелдің анасы Қарағандының тумасы екен, ол қызын сонда ота жасатуға әкетеді.

### Сезім мен төзім

Әнел Қарағандыға операцияға кетіп бара жатқанында бір күн бұрын жігітке телефонмен жағдайын айтады. Ол неге екені белгісіз, қашан, қай пойызбен шығатынын сұрастырып алады. Әнел мінген пойыз Ақтөбеге соқпайды, Қандыағашқа тоқтайды. Ал Марлен сабақтан қашып шығып, Ақтөбеден Қандыағашқа келіп, қыздың вагонына отырып алады. Әнел жігіттің бұл әрекетіне қуанып тұрса да, «сабағың қайда?» деп сұрайды алаңдап. «Сен операцияға кетіп бара жатқанда мен қалай сабақта отырамын?», – дейді жігіт. Әрине, қыздың анасы да бұған таңқалады.

Қарағандыда Марлен Әнелдің жанында, ауруханада түнеп жүреді. Дәрігерлер оған палатаға кіруге рұқсат бермесе де, ол ебін тауып кіріп кететін көрінеді. Түнгі ауысымдағы медбикелерге тәтті торттар әкеліп, олардың да көңілдерін көтеріп қояды екен. Ең бастысы, үнемі Әнелдің жанынан табылатын. Оны моральдық тұрғыда қолдайтын. Марлен ауруханада Әнелдің жанында үнемі болу үшін сырттай оқу бөліміне ауысады. Кейін дәрігерлер «бұл баланы көндіре алмайсың бәрібір» деп, қолдарын бір сілтеген көрінеді.

Әнелдің өкпесін алып тастайды. Күніне 25 түрлі дәрі-дәрмек қабылдағандықтан асқазан-ішек жолдарының жұмысы бұзыла бастайды. Дәрігерлер ота жасау керек деп, 8 сантиметр ішегін кеседі. Ал 2012 жылы жүрегі сыр бере бастайды. Тек бір өкпе жұмыс жасап тұрғандықтан, жүрекке оттегі жетпейді. Кез келген уақытта ауа жетпей қалуы мүмкін болғасын оттегі баллонын алдыртады. Осы кезде Марлен Қарағандыдан жұмыс тапқан болатын. Ол Әнелдің жағдайын ести сала, «мен жұмыстан шығам, сенің қасыңда болып, баллонды көтеріп жүремін» дейді. Иә, Әнел оттегі баллонынсыз жүре алмайтын болды. Кез келген уақытта есінен танып қалатын. Сол кезде де 10 келілік оттегі баллонын көтеріп жүрген Марлен оның жанында жүрді.

### «Күнім, сен сөнбеші!»

Үнемі ауа жетпей тұрғасын Әнелдің жүрегі орнынан қозғалып, арқасына қарай ығысып кетеді. Қарағандыда өкпесіне ота жасаған дәрігер «жедел ота жасау керек, жүректі қалай да орнына әкелу керек» екенін ескертеді. Марлен мен Әнел Астана мен Алматының дәрігерлеріне барады. Сол кезде Алматыға Мәскеуден келген профессор Әнелді тексеруден өткізеді де, Марленге «сен қызды әрі-бері сүйреп, әлсірете берме, өмір сүруге 30 пайыз ғана мүмкіндігі бар, ешкім оған ота жасау жауапкершілігін алмайды, әке-шешесіне апар, дайындала берсін» деген «үкім» шығарады. Сонда Марлен қатты ашуланып, профессордың жағасына жармасып, «мен Әнелді әлі-ақ сіздің алдыңызға сап-сау әкелем» деп айқайлаған көрінеді. Сол күні екеуі саябаққа келеді. Марлен «Сен профессор осылай айтты екен деп берілесің бе? Соған сенесің бе? Аллаға неге сенбейсің? Құдайдан неге сұрамайсың? Мен сен үшін өмір сүріп жүрмін, неге маған көмектеспейсің? Сен тек ішіңнен жеңілмеші, мен сенің жазылатыныңа, тірі қалатыныңа толықтай сенем, тек сен өзің сенбей тұрсың», – деп айқайлап тұрып жылайды.

Әнел күйзеліске түсіп, тек дәрінің көмегімен ұйықтайтын халге жетеді. Бірде түнде ұйқысынан оянса, Марлен Құдайдан дұға тілеп: «Сынап жатқаныңды білемін, бірақ қатты сынамашы, Әнелдің ауырғанына шыдай алмаймын, жол көрсетші» деп жалбарынып отыр екен. Оны естіп Әнел жылап, бір түнде әл, күш жинап, өз-өзіне сенім арта бастайды.

2016 жылдың ақпанында Әнелдің жүрегіне ота жасалу туралы шешім қабылданды. Бірақ ота үстеліне тек 30 пайыз ғана кепілдікпен жатады. Анасы: «Мүмкін ойланарсың, жасатпассың, қорқып тұрмын» деп жыласа, Марлен: «Жоқ, ота жасалады, мен сенемін, бәрі жақсы болады» дейді. Әнелдің өзі де «өлімді күтіп отырғанша, амал жасап өлгенім артық» деп шешеді. Отаны 3-4 сағаттан артық созуға болмайтын еді, себебі пациент наркозды көтере алмайды. Бірақ кейін белгілі болғанындай, оған жасалған ота 6,5 сағатқа созылған. Тәуекелге барған білікті хирург шыға салып, бірден Марленді іздеп тауып: «Әнел бәрін жеңіп шықты, тірі қалды», – деген екен маңдайындағы терін сүртіп тұрып. Сосын басқа еш жаққа бұрылмастан өз кабинетіне барып, қолдарын екі жаққа созып, креслосына жата кетіпті дейді. Қатты қалжыраған, әрине.



### Сәбидің кіндік әкесі – Димаш

Марленнің қалайда Әнелдің жанында болу үшін Қарағандыда далада түнеген кездері де бүгінде көрген түстей. Әнел 16 жасында қатты сырқаттанып, 7 жылға жуық өмір мен өлімнің арасында болғанда, оны риясыз сүйіспеншілігімен демей білген Марлен махаббаты туралы ғаламторда жиі жаза бастады. Екеуіне адамдардан хаттар да ағыла бастайды. Екеуіне бақыт тілеген ниеттес хаттардан күн құрғамаған. Некесін 2015 жылы Қарағандыда қидыртқан қос ғашық 2017 жылы Ернар Айдардың «Күнім, сен сөнбеші» атты бейнебаянына түседі. Клип үш жылға жуық уақыт ішінде YouTube желісінде 32 млн қаралым жинаған.

Осынау жас ғұмырында 14 ауыр отаны еңсерген Әнел 10 жылдан соң сәби сүйді. «Алла бізге 10 жыл сабырмен күткен сәбиді берді. Иә, маған оңай болмады. Дәрігерлер «ешқашан ана болмайсың» деп неше мәрте қолдарын бір сілтеді. Маған ауыр тиетін, жылайтынмын. Бірақ ешқашан Алладан үмітімді үзбедім. Күндіз-түні жанымда болған, бір күн, бір түн де жалғыз қалдырмаған анам мен Марленіме алғысым шексіз. Барлық жағдайымды жасап, қиын сәтте жанымнан табылып, қолдау көрсетіп, әр жылаған сайын жасымды сүртіп, күйзеліске түскен сайын шығаруға тырысып, баланы түнімен қарап, қолынан келгеннің барлығын жасап жүрді. 10 жыл бойы менімен бірге сабыр сақтап, бір сәт бетіме баспай, соңына дейін Алладан дұға сұрап, үмітін үзбеген Марленге Раббым сәби берді», – деген жантебірентерлік жазба қалдырған болатын осыдан бір ай шамасында Әнел парақшасында. Сол сәбидің кіндік әкесі Димаш Құдайберген!

БАСПАСӨЗ – 2023

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ
Almaty AQSHAMY

Әлихан БӨКЕЙХАНОВ, Алаш қайраткері:

**«Бірінші: газет – халықтың көзі, құлағы, тілі; екінші: газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе; үшінші: газет – халыққа білім таратушы; төртінші: газет – халықтың жоқтаушысы».**

# БҰЛ ГАЗЕТТІҢ ЖОЛЫ ДА, ЖӨНІ ДЕ БӨЛЕК!



«Alataý Aqparat» медиахолдингі өткен аптадан бері қала тұрғындары үшін қаланың бас газеттерін тегін тарату акциясын өткізіп келеді. Кезекті шара Түрксіб ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы мен «Алматы метрополитенінде» өтті. Газетті тарату барысында жасы егде тартқан адамдардың басылымдарға деген қызығушылығы басым екенін байқадық. Газет оқитын жастар да жоқ емес. Дегенмен, қазіргі заманда адамдардың басым көпшілігі негізгі ақпаратты, жаңалықтарды электронды ақпарат құралдары арқылы алатыны шындық. Акцияның мақсаты – халық арасында «Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерін насихаттау, қалалықтардың газетке деген қызығушылығын арттыру.

«Alataý Aqparat» медиахолдингінің газетті тегін тарату акциясын «Алматы метрополитені» ұжымы ерекше ықыласпен қолдады. «Алматы метрополитені» ұжымының қолдауымен қолымызға «Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерін алып, «Жібек жолы» станциясынан «Абай», «Алмалы», «Алатау», «Байқоңыр» станцияларына дейін жүріп, жолаушылармен тілдесіп қайттық.

«Алматы метрополитенінің» баспасөз хатшысы Индира Андирова журналистерді жылы қарсы алып, метро жолаушыларына газеттерді таратуға қолғабыс берді. Оның айтуынша, метро қызметкерлері газеттің әр нөмірін жібермей оқып отырады.




**Индира АНДИРОВА,**
**«Алматы метрополитенінің» баспасөз хатшысы:**

## Халыққа қажет бастама

*Біздің метрополитеннің қызметкерлерінің арасында қазір «Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттері жаксы сұранысқа ие. Өйткені, бұлар әкімдікке қатысты басылымдар болғандықтан, әкімдіктің атқарып жатқан жұмыстарымен танысуға, қаладағы барлық жаңалықтан хабардар болуға ынталымыз. Өз басым кейде әлеуметтік желіден, ғаламтордан шаршаған кезде газет оқығанды жақсы көремін. Мегаполистегі кішігірім өзгерістердің өзі осы газеттерде жарық көріп жатады. Қаланың болашағына қатысты ауқымды мақалаларды да үнемі газеттерден оқып, біліп отырамыз.*

*Меніңше, қазір көпшілік адам интернетке үңілген цифрландыру заманында газет-журналдардың да, кітаптардың да алар өз орны бар. Өйткені, қағазға түскен ақпаратты ми өзгеше қабылдайды. Сондықтан осындай акцияларды ұйымдастырып, халыққа газет оқуды естеріне салып тұру дұрыс бастама деп ойлаймын. Қазір біздің «Алматы метрополитені» де бекеттерде жолаушылар үшін «bookcrossing», яғни кітап алмасу шарасын қайта қолға алмақшымыз. Өйткені, адам қағазға басылатын басылымдардан қол үзіп қалмауы керек. Бұл адам миының дұрыс жұмыс істеуіне, интеллектуалдық қабілетіне әсер етеді. Бүгінде өкінішке орай, метрода кітап ұстаған жолаушыларды сирек көреміз. Бірақ уақыт өте келе халық кітапқа қайта ден қоятынына сенемін.*

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**БАҚЫТЖАМАЛ,**
**зейнеткер:**

## Газет оқығанды жақсы көремін

Біз жастайымыздан газет-журнал оқып өскен ұрпақтың өкіліміз. Қолымызға қандай да бір газет түсе қалса, оқығымыз кеп тұрады. Ақпаратты теледидардан да тыңдаймыз, қазір қолдағы телефонда да әлемдегі барлық жаңалық қолжетімді ғой. Бірақ газетке жарияланған мақаладай болмайды. Газетте тек ақпаратты жазып қана қоймай, сараптап, талдап беретіні ұнайды. Газет тек жаңалықтың жаршысы емес, бүтін бір елдің айнасы. Халыққа газетті тегін таратып жатқан бастамаларыңыз жақсы екен. Өйткені, қазір бұрынғыдай газет-журнал аса көп емес. Сондықтан халықтың қолы жете бермейді. Еңбектеріңіз жана берсін!

**НҰРЛАН,**
**қала тұрғыны:**

## Сауатты мақала оқығым келеді

Өз басым үйде де, жұмыс орнында да газет-журналдарды қалдырмай оқып жүремін. «Almaty aqshamy» газетінің тұрақты оқырманымын. Саяси тақырыптардағы сараптамаларды, спорт жаңалықтарын үзбей оқимын. Қазір сайттарда, әлеуметтік желілерде жаңалықтар қысқа да нұсқа беріледі. Көбінесе видео жаңалықтар жақсы қаралады. Бірақ газеттің көтерген жүгі ауыр. Өйткені, газетке жарияланған мақала тасқа жазылғандай болып қағаз бетіне түседі. Сондықтан газеттің құндылығы да жоғары. Қағаз бетіне түскен материалды жазатын тілшіге үлкен жауапкершілік артылады. Журналистен жазған әр жаңалығының, мақаласының сауатты болуы талап етіледі.

Бүгінде жастардың тілі шорқақ, кез келген сөзді қысқартып айтады. Ал газет оқырманды көркемдікке, дұрыс сөйлеуге тәрбиелейтін құрал. Сондықтан өз мамандығына адал газет қызметкерлерінің еңбегіне табыс тілеймін, қаламдарыңыз мұқалмасын!

**ДАНА,**
**студент:**

## Газет – мұрағаттың көзі

Мен үнемі газет оқимын деп айта алмаймын. Өйткені, қазір кез келген қажет дүниені интернеттен қолымыздағы смартфон арқылы ала алатын заман ғой. Дегенмен, сабағыма, емтихандарға дайындалған кезде маған газеттердің көп пайдасы тиді. Кітапханаларда өзіме қажетті материалдарды іздегенде газетке жарияланған мақалалардан тауып алдым. Басылымдарға жарияланған материалдардың көп ізденістің нәтижесінде жарық көретініне көзім жете түсті. Бір кездерде халықтың газетке деген сұранысы жоғары болды ғой. Қазіргі таңда газет-журналдарға деген қызығушылық бәсеңдегенімен, әр кезеңде де әр басылымның өз оқырманы болады.

Сіздер ұйымдастырып отырған газетті тегін тарату акциясынан кейін «Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерін жиі оқып тұратын болдым, көп рахмет! Газетте көңілге түйе жүретін дүниелер бар екен.

**Айнұр СЕНБАЕВА.**
**(Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ).**



# ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

almaty-aksham@mail.ru

## ДҮЙСЕНБІ 6 АҚПАН

### АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студио
10.00 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 10 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский киноклуб
17.15 Женский киноклуб. «Тест на беременность» 8 серия
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 11 серия
21.00 Телехикая. «Бозторғай. Бақыт бағасы» 9 серия
22.00 Мужской сериал. «Брат за брата» 21-22 серия
23.45 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 1 серия
0.45 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.35 Шешімі бар
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.25 Алматы туңған тарих
3.45 Алматинские истории
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

### QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TAŃSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPARAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPARAT
13.10 «Сезім толқыны». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
15.10 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPARAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPARAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPARAT
1.10 «Сана». Ток-шоу
2.10 «Ауылдастар»
2.40 Әнұран

### ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 Мультфильм. «Морская бригада»
12.00 Телехикая. «Жазмыш»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Максимальный Срок»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Жазмыш»
21.45 Телехикая. «Барыс Generation»
22.45 Телесериал. «Такая, как все»
01.00 ҚР Әнұраны

### 31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Ризамын
08.00 What's up?
08.30 Т/сериал «Тайная любовь»
09.35 «Күліп ALL»
10.00 Т/сериал «Листопад» (повтор)
11.00 Анимационный фильм «Союз зверей. Спасение двуногих» (повтор)
12.50 Мультсериал «Маша и медведь»
13.10 КИНО. Джоэл Кортни в фантастическом триллере «Супер 8» (повтор)
15.30 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки 3»
17.30 КИНО. Том Холланд в фантастическом боевике «Человек-паук. Вдали от дома» (повтор)
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
22.00 КИНО. Арнольд Шварценеггер в боевике «Терминатор 2. Судный день»
00.30 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТINA» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.50 «ЦВЕТОТЕРАПИЯ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Иван Охлобыстин, Григорий Некрасов в многосерийном фильме «ВСПЫШКА»
0.30 Владислав Галкин, Кирилл Плетнёв в многосерийном фильме «ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ ВОЙНЫ»
2.15 «НОВОСТИ»
2.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.30 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3.15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.40 «П@УТINA» бағдарламасы
До 4.40

### 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30 Т/х «Изоляция»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/с «Доктор Надежда»
10.00 Т/п «Измайловский парк»
12.00 Скетчком «Q-елі»
12.30 Т/х «Изоляция»
13.00 Т/х «Шабдалы 18»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/с «Полицейский с Рублевки»
16.00 Т/с «Женский доктор»
18.00 Т/с «Провинциал»
19.00 Т/с «А у нас во дворе-2»
21.00 Т/х «Сәке»
21.35 Т/х «Шабдалы 18»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.30 Т/х «Тек қана қыздар»
00.30 Т/с «Полицейский с Рублевки»
01.30 Jaidarman
02.25 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

### КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.30 «Ф.И.Л.И.Н», остросюжетный детектив (худ.сериал)
11.10 «НИКОГДА НЕ БЫВАЕТ ПОЗДНО», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
15.10 «РЕСТАВРАТОР», остросюжетный детектив (худ.фильм) (повтор)
17.00 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАНДАР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.30 «ЗӘКИРА», с субтитрами на русском (док.драма)
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ПЛЕННИЦА», мелодрама (худ.сериал)
23.30 «ПЁС-6», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
01.20 «ИГРА В СУДЬБУ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
02.10 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАНДАР», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.10 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

### KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «Қайрат капитан». Қ.Нұрдәулетов Деректі фильм
07.35 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Динамо Москва» (Москва) – «Барыс» (Астана)
09.55 «PRO FOOTBALL». Лига Европы и Конференций УЕФА. Плей-офф
10.30 ЕРКІН КҮРЕС. VI Жазғы Спартакиада. Тікелей эфир
15.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
15.35 XXXI Дүниежүзілік қысқы универсиада ойындарына шолу
16.30 ЕРКІН КҮРЕС. VI Жазғы Спартакиада. Тікелей эфир
17.30 «СҰХБАТ». Иван Дычко
18.00 ЕРКІН КҮРЕС. VI Жазғы Спартакиада. Тікелей эфир
20.30 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.05 ММА. «OCTAGON 40»
01.05 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Плей-офф
01.45 Әнұран

### BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
7.45 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Пэдди-сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.00 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.10 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.25 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
9.35 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.05 «Турбозаврлар» Мультхикая.
10.20 «100% қасқыр» Мультхикая.
10.45 «Өнертапқыш» танымдық бағдарлама.
10.55 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.20 Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
11.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
11.40 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
12.10 «Аға болғым келеді» ситком.
12.25 Анимация. Отандық / «Жібек»
12.40 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
14.00 «Күмбір live» танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
14.40 Анимация. Отандық / «Сәби»
15.25 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
16.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
16.50 «Пэдди-сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
17.15 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.35 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
17.55 «Аға болғым келеді» ситком.
18.10 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
18.35 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.00 «Турбозаврлар» Мультхикая.
19.15 Анимация. Отандық / «Жібек»
19.25 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
19.50 «100% қасқыр» Мультхикая.
20.20 Анимация. Отандық / «Сақалар»
20.45 «Көке» ситком.
21.05 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
22.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
23.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

### ASTANA TV

06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
11.00 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
12.40 «Айнұрдың арманы» телехикаясы
14.40 «Қағаз Кеме» телесериал
15.40 «Практика» телесериал
18.00 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.00 «Позднее раскаяние» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Практика» телесериал
01.40 «Позднее раскаяние» телесериал

### TALIM TV

07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Семейный доктор
09.30 Проза параграфы
09.55 Бабалар сыйы
10.10 Қалақай
10.30 Денсаулық сыры
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.10 Бабалар сыйы
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Жолсерік» – телехикая
17.00 Айтыс. Алтын қор
17.40 Dara til
18.10 Оқline
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Тәлім trend
19.35 Әжемнің әңгімесі
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 «Бір келіншек» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Менің анам, менің әкем
22.55 Views





# СЕЙСЕНБІ 7 АҚПАН

## АЛМАТЫ

6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студио
10.00 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 11 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский киноклуб
17.15 Женский киноклуб «Тест на беременность» 10 серия
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 12 серия
21.00 Телехикая. «Бозторғай. Бақыт бағасы» 10 серия
22.00 Мужской сериал. «Брат за брата» 23-24 серия
23.45 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 2 серия
0.45 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.35 Шешімі бар
2.20 Өмір іргімі
3.00 Дала сазы
3.25 Алматы тұнған тарих
3.45 Алматинские истории
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

## QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPARAT
7.00 «TAŃSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPARAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPARAT
13.10 «Сезім толқыны». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен…»
15.00 «Тіршілік». Деректі фильм
15.30 «ШАҢЫРАҚ»
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPARAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPARAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.30 AQPARAT
1.05 «Сана». Ток-шоу
2.05 «Ауылдастар»
2.35 Әнұран

## ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Мультсериал. «Алиса и Льюис»
10.30 Мультфильм. «Болт и Блип спешат на помощь»
12.00 Телехикая. «Жазмыш»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телесериал. «Такая, как все»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Жазмыш»
21.45 Телехикая. «Барыс Generation»
22.45 Телесериал. «Поздний срок»
01.00 ҚР Әнұраны

## 31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.10 Информбюро (повтор)
08.00 Ризамын
08.30 Т/сериал «Тайная любовь»
09.35 «Күліп ALL»
10.00 Т/сериал «Листопад» (повтор)
11.00 «31 әзіл»
11.30 Т/сериал «Женатики»
12.35 Мультсериал «Маша и медведь»
13.20 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки 3» (повтор)
15.20 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки 4»
17.10 КИНО. Арнольд Шварценеггер в боевике «Терминатор 2. Судный день» (повтор)
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
22.00 КИНО. Брюс Уиллис в фантастическом боевике «Пятый элемент»
00.20 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

## ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.20 Владимир Жеребцов, Анастасия Микульчина в многосерийном фильме «КРАСАВИЦА»
13.15 Анна Снаткина, Кирилл Сафонов в многосерийном фильме «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Иван Охлобыстин, Григорий Некрасов в многосерийном фильме «ВСПЫШКА»
0.30 Владислав Галкин, Кирилл Плетнёв в многосерийном фильме «ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ ВОЙНЫ»
2.15 «НОВОСТИ»
2.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.30 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3.15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.40 «П@УТІNA» бағдарламасы
До 4.40

## 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30 Т/х «Изоляция»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/с «Провинциал»
10.00 Т/с «А у нас во дворе-2»
12.00 Скетчком «Q-елі»
12.30 Т/х «Изоляция»
13.00 Т/х «Шабдалы 18»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/с «Полицейский с Рублевки»
16.00 Т/с «Женский доктор»
18.00 Т/с «Провинциал»
19.00 Т/с «А у нас во дворе-2»
21.00 Т/х «Сәке»
21.35 Т/х «Шабдалы 18»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.30 Т/х «Тек қана қыздар»
00.30 Т/с «Полицейский с Рублевки»
01.30 Jaidarman
02.25 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Женіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

## КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.30 «Ф.И.Л.И.Н», остросюжетный детектив (худ.сериал)
11.20 «ПЁС-6», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
13.20 «ПЛЕННИЦА», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «НА КРАЮ», мелодрама (худ.сериал)
17.00 «БАҚЫТТЫ АНСАҒАНДАР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.30 «ЗӘКИРА», с субтитрами на русском (док.драма)
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ПЛЕННИЦА», мелодрама (худ.сериал)
23.30 «ПЁС-6», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
01.20 «ИГРА В СУДЬБУ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
02.10 «БАҚЫТТЫ АНСАҒАНДАР», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.10 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

## KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «Боз кілемге барын салған». А.Кебіспаев. Деректі фильм
07.35 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Динамо Москва» (Москва) – «Барыс» (Астана)
09.55 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
10.30 ЕРКІН КҮРЕС. VI Жазғы Спартакиада. Тікелей эфир
14.55 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Плей-офф
15.30 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
16.00 «PRO HOCKEY». 1-выпуск
16.30 ЕРКІН КҮРЕС. VI Жазғы Спартакиада. Тікелей эфир
17.30 «PRO FOOTBALL». Лига Европы и Конференций УЕФА. Плей-офф
18.00 ЕРКІН КҮРЕС. VI Жазғы Спартакиада. Тікелей эфир
20.30 «PRO HOCKEY». 1-шығарылым
21.05 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.40 MMA. OCTAGON 38
00.20 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
00.50 ФУТБОЛ. Клубтар арасындағы әлем чемпионаты. «Фламенго» (Бразилия) – «Аль-Хиляль» (Сауд Арабиясы). Тікелей эфир
02.50 Әнұран

## BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
7.45 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
9.00 «Жан-жануарлар әлемі» танымдық бағдарлама
9.10 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
9.35 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.05 «Турбозаврлар» Мультхикая.
10.20 «100% қаскыр» Мультхикая.
10.45 «Өнертапқыш» танымдық бағдарлама.
10.55 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.20 Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
11.30 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Бозторғай»
11.40 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
12.10 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
12.25 Анимация. Отандық / «Жібек»
12.40 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
14.00 «Күмбір live» танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
14.40 Анимация. Отандық / «Сәби»
15.25 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
16.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
16.50 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
17.15 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.35 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
17.55 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
18.10 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
18.35 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.00 «Турбозаврлар» Мультхикая.
19.15 Анимация. Отандық / «Жібек»
19.25 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
19.50 «100% қасқыр» Мультхикая.
20.20 Анимация. Отандық / «Сақалар»
20.45 «Көке» ситком.
21.05 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Бозторғай»
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
22.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
23.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

## ASTANA TV

06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
11.00 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
12.40 «Айнұрдың арманы» телехикаясы
13.30 «Айтарым бар» Ток шоу
14.40 «Қағаз Кеме» телесериал
15.40 «Практика» телесериал
18.00 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.00 «Позднее раскаяние» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Практика» телесериал
01.40 «Позднее раскаяние» телесериал

## TALIM TV

07.00 Syrym story
07.40 Рухани байлық
08.10 Қазақ спортының классикасы
09.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
09.55 Бабалар сыйы
10.10 «Ерте, ерте, ертеде…» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
11.00 Пруст сауалнамасы
11.30 Балалық шаққа саяхат
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Өнер қырандары
13.10 Бабалар сыйы
13.30 Бір дубль
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Бір келіншек» – телехикая
17.00 Views
18.10 Саморазвитие с Маржан-коуч
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Емен-жаркын
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 «Бір келіншек» – телехикая
22.00 Автопортрет
22.30 Orkeni style
22.55 Views





## СӘРСЕНБІ 8 АҚПАН

### АЛМАТЫ

6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Мультфильмдер
7.30 Жұлдызды такси (қайталау)
8.00 Таңғы студио
10.00 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 12 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский киноклуб
17.15 Женский киноклуб. «Тест на беременность» 11 серия
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 13 серия
21.00 Телехикая. «Бозторғай. Бақыт бағасы» 11 серия
22.00 Мужской сериал. «Спецы» 1-2 серия
23.45 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 3 серия
0.45 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.35 Шешімі бар
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.25 Алматы тұнған тарих
3.45 Алматинские истории
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

### QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPARAT
7.00 «TAŃSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPARAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPARAT
13.10 «Сезім толқыны». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
15.00 «ТҰЛҒА». Деректі фильм
15.35 «Өзекті». Арнайы жоба
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPARAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPARAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.30 AQPARAT
1.05 «Сана». Ток-шоу
2.05 «Ауылдастар»
2.35 Әнұран

### ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «На особом контроле»
10.30 «Менің өмірім»
11.00 Мультсериал. «Алиса и Льюис»
12.00 Телехикая. «Жазмыш»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телесериал. «Поздний срок»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Жазмыш»
21.45 Телехикая. «Барыс Generation»
22.45 Телесериал. «Поздний срок»
01.00 ҚР Әнұраны

### 31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.10 Информбюро (повтор)
08.00 Ризамын
08.30 Т/сериал «Тайная любовь»
09.35 «Күліп ALL»
10.00 Т/сериал «Листопад» (повтор)
11.00 «31 әзіл»
11.30 Т/сериал «Женатики»
12.35 Мультсериал «Маша и медведь»
13.40 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки 4» (повтор)
15.30 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки 5»
17.30 КИНО. Брюс Уиллис в фантастическом боевике «Пятый элемент» (повтор)
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
22.00 КИНО. Джет Ли в боевике «Поцелуй дракона»
00.00 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТINA» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.20 Владимир Жеребцов, Анастасия Микульчина в многосерийном фильме «КРАСАВИЦА»
13.15 Анна Снаткина, Кирилл Сафонов в многосерийном фильме «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5-тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №14 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектеп құрылысы үшін «Astana Realty Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Егізбаев көшесі, 9 үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-033-006), жалпы ауданы – 6,7246 га жер учаскенен, ауданы – 4,0539 га жер учаске бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы*
*№1/1-73 қаулысы*

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5-тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №14 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектеп құрылысы үшін Алматы қаласының Бостандық ауданы, Қожабеков көшесінің оңтүстігі, Розыбакиев көшесінің шығысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2023 жылғы «31» қаңтардағы*
*№1/1-73 қаулысына қосымша*

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Dostar Fresh Market» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-313-019-431 | Бостандық ауданы, Кожабеков көшесі, 18 учаске | 2,4765 (иеліктен шығарылатын ауданы – 1,9419) |
| 2 | «Dostar Fresh Market» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-313-019-432 | Бостандық ауданы, Кожабеков көшесі, 16 учаске | 1,2521 (иеліктен шығарылатын ауданы – 0,7404) |
| 3 | «Компания ДОСТАР-КОММЕРЦ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-313-019-384 | Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 276А учаске | 0,444 |

*Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы*
*№1/1-74 қаулысы*

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5-тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №14 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектеп құрылысы үшін Алматы қаласының Бостандық ауданы, Левитан көшесінің оңтүстігі, Розыбакиев көшесінің шығысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2023 жылғы «31» қаңтардағы*
*№1/1-74қаулысына қосымша*

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушынын) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Megapolis Residence» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-313-019-333 | Бостандық ауданы, Радостовец көшесі, 371 учаске | 1,9276 (иеліктен шығарылатын ауданы – 0,1578) |
| 2 | «Megapolis Residence» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-313-019-334 | Бостандық ауданы, Радостовец көшесі, 379 учаске | 2,0997 |

*Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы*
*№1/1-75 қаулысы*

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5-тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №14 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектеп құрылысы үшін «пс 16» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Ғажайып» шағынауданы, 20 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-044-271), ауданы – 2,8693 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы*
*№1/1-76 қаулысы*

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4-тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №10 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орталық стадион аумағын кеңейту үшін Алматы қаласының Бостандық ауданы, Байтұрсынұлы көшесінің батысы, Сәтбаев көшесінің солтүстігі мекенжайында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2023 жылғы «31» қаңтардағы*
*№1/1-76 қаулысына қосымша*

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Promenade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-313-003-205 | Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 44 учаске | 0,2500 |
| 2 | Ажибаева А.К.<br>Захаров Ю.Ф. | 20-313-003-053 | Бостандық ауданы, Байтұрсынов көшесі, 109 | 0,1972 |
| 3 | «Олимпик Плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-313-003-010 | Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесі, 27/2 | 0,5699 |

ҮМІТКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**«Alataý Aqparat» ЖШС–нің «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінде, Almaty–akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желідегі аккаунттарында 2023 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын кезектен тыс сайлауға түсетін үміткерлерге баспа алаңын берудің жалпы шарттары.**

**«Alataý Aqparat» ЖШС** – «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінің, Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттардың иесі (бұдан әрі – Газет), иесі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы Жарлығымен тағайындалған 2023 жылғы 19 наурыздағы кезектен тыс сайлауға қатысатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарға (бұдан әрі – Кандидат) сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін газеттің газет алаңын беру ақысының мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы хабарлайды.

Сайлау алдындағы үгіт Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен 2023 жылғы 18 ақпан, сағат 18.00-ден басталады және 2023 жылғы 18 наурыз, сағат 00.00-ге дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт дауыс беру күніне дейінгі тыныштық күніне дейін, яғни 2023 жылдың 16 наурызына дейін басылымның тиражға соңғы шығу күнімен аяқталады.

Сайлау комиссиясының партиялық тізімді тіркеу туралы шешімінің көшірмесі және кандидаттың немесе оның уәкілетті өкілінің Газет иесі басшысының атына жазбаша өтініші газет алаңын беруге негіз болып табылады.

Газет иесі мен кандидат арасында немесе кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалған жазбаша шарт негізінде газет алаңын ұсынады, сондай-ақ, материалдарды сайттарға орналастырады. Кандидаттар немесе олардың уәкілетті өкілдері үгіт материалдарының бекітілген мәтіндерін жариялаудың жоспарланған күнінен кемінде екі күн бұрын ұсынады.

Газетте баспа алаңын ұсыну үгіт мақалалары мен модульдерін қазақ және орыс тілдерінде орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Үгіт материалдарын газетке орналастырудың саны мен болжамды күні кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Өтініш кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік тәртібімен әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

***Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:***

1) кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
4) шарт жасасу үшін адамның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Кандидаттардың үгіт материалдарын газетке орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгіленеді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте үгіт материалының сұрау салынатын орны бұрын жүгінген басқа кандидатқа берілген жағдайда, газет кандидатқа үгіт материалдарын орналастыру үшін өзге орын ұсынады.

***Үгіт материалдары газетке шығуы болжанған күнге дейін күнтізбелік 2 (екі) күн бұрын газеттің d_kuanysh@mail.ru электрондық мекенжайына және/немесе USB флэш-дискісінде беріледі.***

Үгіт материалдарында олардың төленгені, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін жауапты.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда газетте үгіт материалдарын жариялау жүргізілмейді не бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Газет иесі үгіт материалдарын, егер оларда республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа итермелеу, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары болса, жариялаудан бас тартады.

Газет иесі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттығына басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруге қабілетті ақпарат болған жағдайда үгіт материалдарын жариялаудан бас тартуға құқылы. Кандидат газет иесінің талабы бойынша жоғарыда аталған сипаттағы материалдардағы ақпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген газет алаңын беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

**«Almaty aqshamy» газеті (баспа нұсқасы):**
Тілі – қазақ тілі.
Формат – А3.
Жиілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі).
Таралымы апта сайын – 18663 дана:
сейсенбі – 5625 дана.
бейсенбі – 7413 дана.
сенбі – 5625 дана.
Таралу аумағы – Алматы қаласы.

**Үгіт материалдарын орналастыру құны:**

* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді қара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 1000 (бір мың) теңге;
* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайндағы мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 2000 (екі мың) теңге;

Газеттің бірінші және соңғы беттерінде үгіт материалдары орналастырылмайды.

**«Вечерний Almaty» газеті (баспа нұсқасы):**
Тілі – орыс.
Формат – А3.
Жиілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі).
Таралымы апта сайын – 38738 дана:
сейсенбі – 11104 дана.
бейсенбі – 16530 дана.
сенбі – 11104 дана.
Таралу аумағы – Алматы қаласы.

**Үгіт материалдарын орналастыру құны:**

* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді қара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 1000 (бір мың) теңге;
* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайндағы мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 2000 (екі мың) теңге;

Бірінші және соңғы беттерде үгіт материалдары орналастырылмайды.

***Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желілердегі аккаунттарда материалдарды орналастыру құны:***

1. Сайтта мақаланы орналастыру – 1 бос орын белгісі үшін 50 теңге;
2. Баннер 750x562 басты беттегі сырғытпада – 24 сағат ішінде 15 000 теңге;
3. Басты беттегі 1140x141 баннер (слайдерден төмен) – 24 сағат ішінде 25 000 теңге;
4. Оң жақ бағандағы басты беттегі баннер 1280x1280 пиксель – 24 сағат ішінде 20 000 теңге;
5. Instagram-дағы хабарлама – 30 000 теңге;
6. Telegram-дағы пост – 30 000 теңге;
7. Facebook-тегі хабарлама – 30 000 теңге.

**Ескерту: бағалар ҚҚС-пен көрсетілген.**

**Баннерді орналастыру үшін қабылданатын техникалық талаптар**

Орналастыруға дайын баннерлер GIF, JPEG, PNG форматында қабылданады;
Баннердің мөлшері 150 Кб-тан аспайды;
Анимациялық GIF баннері секундына 5 кадрдан аспайтын жылдамдықпен ойнатылуы керек;
Баннердегі кескіндер сапалы және түсінікті болуы керек, түсінікті мәтінмен, бұлыңғыр немесе майланған кескіндерді қолдануға болмайды;
Жыпылықтау, жыпылықтайтын фон және басқа тітіркендіргіш әсерлерді қолдануға тыйым салынады.

**Әлеуметтік желілерде орналастыруға қойылатын техникалық талаптар**

**Instagram жазбаларына қойылатын талаптар:**
Фотосурет өлшемі – 1350*1080 px (4:5), есептік жазбаның басты бетінде қараған кезде өлшемі – 1080*1080. 10 бірлікке дейінгі фото;
Қолтаңбаның максималды ұзындығы – бос орындары бар 2200 таңба;
Бейне (Reels): Reels-те бейнені 1 минутқа дейін жүктеуге болады, ұсынылған ажыратымдылық – 1080×1920 px (9:16), MP4/MOV форматы. Маңызды – таспадағы рельстер кесілген түрде көрсетіледі: 1920 пиксель 1350 пиксельге дейін кесіледі, ал жалпы шот арнасы 1080*1080 құрайды.

**Telegram арнасы мен Facebook-тегі жазбаларға қойылатын талаптар:**
Сурет форматы – JPEG, PNG;
2 суретке дейін рұқсат етіледі;
Бос орындары бар 1024 таңбаға дейін;
Сурет ені – 1280px кем емес;
Бейне форматы – MP4, MOV, GIF, өлшемі 20 Мб дейін;
Сипаттамаға хэштегті, сыртқы сілтемені қосуға немесе Telegram арнасының ішіндегі кез келген арнаны, чатты немесе пайдаланушыны атап өтуге болады.

***Үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған шарт бойынша төлем шот берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде газет меншік иесі қойған төлем шоты негізінде жүзеге асырылады.***

***Жазбаша өтініштерді газет иесі 2023 жылғы 20 ақпан, сағат 9.00-ден 2023 жылғы 16 наурыз, сағат 13.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 каб. мекенжайы бойынша қабылдайды.***

***Факсимильді және интернет байланысы арқылы жазбаша өтініштер қабылданбайды.***

**«ALATAÝ AQPARAT» ЖШС.**

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

## БАҚ үшін ақпарат

2023 жылдың 26 қаңтарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Ақмола облысы бойынша департаменті Бас прокуратураның Ішкі тергеп-тексеру департаментімен бірлесіп «Cash Ville» казиносы заңгерінің қылмыстық әрекетіне ден қойды.

Прокурорлық тексеру кезінде казино өкілі прокуратура қызметкеріне пара ұсынған.

Қабылданған жедел шаралардың нәтижесінде қылмыстық әрекетті имитациялаған қадағалау органының қызметкеріне 20 мың АҚШ доллары көлемінде пара беру фактісі құжатталған.

Қазіргі кезде Қылмыстық кодекстің 367-бабының 2-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

2023 жылдың 28 қаңтарында Көкшетау қаласының тергеу соты күдіктіге 2 ай мерзімге қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялады.

**БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

## Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау туралы

2022 жылы прокурорлар уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп **1,5 млрд** теңге сомасына **68** кәсіпорындағы **4 мың** қызметкердің алдындағы жалақы бойынша борыштарды өтеуді қамтамасыз етті.

Жалақы бойынша берешекті жедел өндіріп алу үшін деректер алмасу жолға қойылды, дебиторлармен жұмыс жүргізілуде және борышкерлердің мүлкін іздеу жүріп жатыр.

Мысалы, «Тамыр» ЖШС компаниялар тобы **243** қызметкерге **60 млн** теңге қарыз болған.

Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының ұсынуы бойынша кәсіпорынмен қарыздар толығымен төленіп, ал жұмыс беруші ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылған.

Шетелдік жұмыс күшін тартатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыскерлерінің құқықтарын сақтауы жеке бағыт болып табылады.

Ең көп таралған бұзушылық – отандық және шетелдік мамандардың еңбегіне ақы төлеудің теңгерімсіздігі.

Анықталған бұзушылықтар бойынша **66** ұсыну енгізіліп, **228-ге** жуық адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды, **72 млн** теңгеге айыппұл салынып, әкімдіктермен **266** рұқсат қайтарып алынды және **150** шетелдік азамат елден шығарылды.

Еңбек жағдайларының қауіпсіздігі мәселелері де назардан тыс қалмайды.

Прокурорлардың актілері бойынша **30 мың** жұмысшыға жалақыға үстемеақы белгіленді, **600**-ден астам қызметкерге өтемақы төленді, қорғау құралдарымен және арнайы тамақпен кезең-кезеңімен қамтамасыз ету басталды, **22** бірлік жабдықтың жұмысы тоқтатылды. Әкімшілік жауаптылыққа **226** адам тартылды.

**БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

Семей ядролық полигонының жабылуына байланысты бүкіл қазақстандық Бейбітшілік маршы еңбек ардагері Артығалиев Жұмабекке және оның отбасына Атырау облысына танымал құрметті мұнайшы

**Артығалиев Абдулхамит ДӘУІТҰЛЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**«Аттан, Қазақстан!» халықтық штабының жетекшісі Амантай қажы АСЫЛБЕК.**

ХАБАРЛАМА

**«Алматы электр станциялары» АҚ – Алматы ЖЭО күлді сумен тазалаудан кейінгі күл-қож қалдықтарын қайта өңдеу/кәдеге жарату жөніндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау мерзімін 31.03.2023 жылға дейін ұзартқаны жайлы хабарлайды.**

Конкурс шарттары өзгермейді: қатысу үшін «Алматы электр станциялары» АҚ-на конкурстық жобаның сипаттамасын, конкурсқа қатысуға келісімді (Конкурс шарттарының 6-қосымшасы), жобаның таныстырылымын және/немесе жобаны және жобаны іске асыру бойынша шығыстардың бағалау сметасын қамтитын қатысуға өтінімді ұсыну қажет.

Өтінімдерді қабылдаудың аяқталу уақыты мен күні: 2023 жылғы 31 наурыз, сағат 17.00.

Конкурсқа қатысуға өтінім конкурс өткізу туралы Ережеге сәйкес біріздендірілген нысанда беріледі. Конкурсты өткізу туралы Ережемен толығырақ «Алматы электр станциялары» АҚ www.ales.kz ресми сайтында танысуға болады, Тұрақты даму – Қоршаған ортаны қорғау бөлімінде. Экологиялық ағартушылық, Конкурстар – айдарында (https://ales.kz/ru/ustojchivoe-razvitie/91-ustojchivoe-razvitie-2).

**Өтінімдер келесі электрондық мекенжайларға электрондық түрде ұсынылуы тиіс: 77_17_00_PO2@ales.kz, 77_17_00_PO5@ales.kz.**

**Барлық сұрақтарды 8 (727) 254-04-01 (Мирамбек), 8 (727) 254-04-65 (Олжас) телефондары арқылы қоюға болады.**

КОНКУРС

**Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы, 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303, каб. 321, анықтама үшін телефон: 390-20-44, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық ветеринарлық қызметі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 8 ықшамауданы, 31Б ) басшысы бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды**

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар конкурс өткізу туралы хабарланған күннен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде, 050040, Алматы қаласы, Байзақов к-сі, 303-үй, 3-қабат, 321-кабинеттегі мекенжайы бойынша Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына ұсынылуы тиіс.

Кандидаттарға қойылатын талаптар мен қажетті құжаттардың тізбесі https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-upp ресми сайтында орналастырылған.

**Анықтама үшін телефон: 390-20-44.**

# «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

## «Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

**«ALMATY AQSHAMY»** – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

**«ALMATY AQSHAMY»** жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

| |
|---|
| **65503 (жеке жазылушылар үшін)**<br>1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге //<br>6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге |
| **15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**<br>1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге //<br>6 айға – 8214, 60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге |
| **95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**<br>1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге //<br>6 айға – 2814, 60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге |

**Анықтама үшін телефондар:**
**8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

**«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.**

**ЕГЕР:**

** мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

** бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

** әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
**8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**ЕГЕР:**

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:**
**8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

ALATAY AQPARAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы – **Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**

**Қабылдау бөлмесі:** 232-36-61.

Бас редактор – **Төрехан ДАНИЯР** тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы – **Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР** тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Коммерциялық директор – **Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ** тел.: 232-36-51. e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері – **Дана ӘЛМЕШ** тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері – **Алия ЕСИМХАНОВА** тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Мұрат ӘУЕЗОВ, Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі: «Alataý Aqparat» ЖШС. alatayaqparat@mail.ru**
Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі,17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.**

ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ – 200

# КҮЙ мен КҮЙШІ

## Қазақ даласын асқақ та рухты күйлерімен тербеген ұлы тұлға ұлықталды





Нұржамал ӘЛІШЕВА

**Қаламыздағы А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада қазақ даласын асқақ та рухты күйлерімен тербеген ұлы күйші–композитор Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 200 жыл толуына орай «Күй атасы Құрманғазы» атты әдеби–сазды кеш өтті. Оған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші, домбырашы Шәміл Әбілтай, ҚР Композиторлар одағының төрайымы Балнұр Қыдырбек қатысты.**

Әдеби-сазды кештің шымылдығы «Құрманғазы» оркестрінің орындауындағы «Адай» күйімен ашылды. Құрманғазы Сағырбайұлы 1823 жылы қарапайым отбасында, Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Жиделі құмында дүниеге келген. Алғыр бала алты жасынан қой баққан. Оның музыкаға деген ықыласы әкесіне ұнай қоймаған, ал анасы Алқа бірден қолдаған.

Құрманғазыны 18 жасында ауыл тұрғындары дарынды күйші ретінде танып, оның келуін, күй тартуын асыға күтетін болған екен. Осы кезде жас жігіт ел ішін аралап, жер-жердегі халыққа өз өнерін паш етіп жүрген кезі болатын. Музыка зерттеушілерінің сөзіне сүйенсек, жаратылысынан батыр келбетті, жанары өткір Құрманғазыны ұзын шашы мен қою мұрты айбынды етіп көрсетіп тұрған деседі. Желкесінен қыр арқасына қуа түскен құлынның жалы секілді ерекше белгісі болған. Осыны көрген жұрт оны «жалды Құрманғазы» деп те атаған екен.

Құрманғазының есейген шағы патша өкіметіне қарсы бас көтерген Исатай Таймановұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық көтерілісімен тұспа-тұс келген. Сол көтеріліс кезінде күйшінің алғашқы туындыларының бірі «Кішкентай» күйі жарық көреді.

Ал «Адай» күйінің тарихы жайлы екі түрлі аңыз тараған. Оның біріншісі – Құрманғазы Маңғыстау жерінде Ақмаңдай деген қызбен күй тартысқан деседі. Сол тартыстың үстінде осы «Адай» күйі туыпты. Екінші аңыз бойынша, Исатай–Махамбет көтерілісі кезінде адай елінің батырларына арналған деп жазылған.

Танымал күйлерінің бірі – «Балбырауын». Оны 1936 жылы композитор Е.Брусиловский «Ер Тарғын» операсының финалында қырық кісі орындаған биге музыка етіп пайдаланған. Ал «Сарыарқасы» 1973 жылы өткен Халықаралық музыка трибунасында классикалық туынды ретінде бағаланып, ЮНЕСКО-ның барлық байланыс жүйесінде ердайым орындалуға жолдама алған.

Бірнеше мәрте жер аударылып, Сібір түрмелеріне қамалып, аяғына кісен салынып, «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін шығарған Құрманғазы «бірде түрмеден қашып келе жатып, Арқа, Алатауды басып өтіп, өз еліне жетіпті. «Сарыарқа», «Алатау» күйлерін жолжөнекей қона-түней жүрген кездерінде шығарыпты» деген де аңыз-әңгімелер бар. Екінші бір аңыз «Құрманғазы бір түрмеден қашқан жолында Арқадағы атақты күйші Тәттімбетке соғып, күй тартысып, сауық-сайран құрып, ұзақ күн қадірлі қонағы болыпты. Сонда Тәттімбеттің сый-сияпатына риза болған Құрманғазы оған «сізге арнаған сыйым болсын» деп осы «Сарыарқа» күйін шығарып, тарту етіпті» дейді. «Сарыарқа» күйіне қатты риза болған Тәттімбет, «ендеше мен де саған бір күй арнайын» деп «Көкейкесті» күйін Құрманғазыға арнаған деседі. Осыдан соң Тәттімбет Құрманғазының астына жарау ат мінгізіп, жанына жүз қаралы жігіт ертіп, жүз шақырымдай жерге шығартып салдырған екен деген дерек бар.

Кітапханада өткен әдеби-сазды кеште айтылған осы тағылымды әңгімелерді жиынға келіп отырған мөлдіреген жастардың тыңдап отырғаны қуантты бізді. Ұлы күйші мұрасын жалғайтын да сол жастар.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

# «ҮШТІҢ АЙЫ – КҮШТІҢ АЙЫ»

## Биылғы ақпан аязы мен боранын ала келмеген секілді. Қар еріп, жылғаларда су ағып жатыр

**«Ақпан–тақпан алты күн, Айғайлап соқса жеті күн...» деген бұрыннан жеткен қанатты сөз бұл айдың адуынды мінезін аңғартса керек. Ақпан жыл ішіндегі ең суық, аязы қатты ай саналған. Қазекең ақпанды «үштің айы – күштің айы» деп бекер атамаған.**

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қыстың 40 күндік шілдесі 5 ақпан күні шығады. Тас төбеге шарықтап шыққан Үркер жұлдызы төбеден батысқа қарай төмендеп ауады. Осыдан кейін Арқада 30 градустан аса аяз болмайды. Бұл қытымыр күндер аяқталды деген сөз емес. Дауылды, боранды күндер әлі біткен жоқ...

Қазекең «Құт келеді – жұт келеді» деп әрі қуанған, әрі сақтанған ақпан айының бүгін екісі. Аяздың сынғаны аңғарылып тұр. Алайда, бұл жылымық соңы қар мен жаңбырға ұласуы әбден мүмкін.

Ақпан тұрақсыз: кейде аяздың беті қайтып сынады, кейде аспан түнеріп, жапалақтап қар жауады. Оның бұрқасыны да, шуақты күндері алма-кезек.

Ақпанда қыс пен көктем белдеседі. Қаңтарда бұрқасын, боран тәулік бойы соқса, ақпанда түнде, таң алдында соғады. Ақпан борандайды, келер наурыз – жылауық. Ақпан ағынында аяз айылын жиып, қыс қаһарынан айырылады. «Ақпанда күн ат адым ұзарады». Бұрынғы жұлдызшыларда ақпан айы мен «ақпан амалы» туралы осындай жорамалы бар. Өткен пайымымызда бұл туралы жазғанбыз.

Ай ортасынан ауа сырғақты қатты боран соғатын болған, осы ат құлағы



көрінбейтін боранды күндерде қасқырлардың ұйығуы (17–23 ақпан аралығында) басталады. Дала көкжалдары боранда жұптасып, 62 күннен соң қасқыр бөлтірігін өмірге әкеледі екен. Сырғақ деп бұршақтан кіші мұзды қар түйіршіктерін айтады. Көне көз қариялар бұл амалдың атауын осы бөрілер мен сырғақты боранға байланысты «Бөрі сырғақ» деп атаған. Өткен айда әлеуметтік желіде (14.01.2023) Молдабаев Жарқынәлі деген азамат осы боранды амалды «Қыс шілдесінің» ішінде 15–19 қаңтарда болады деп жазыпты. Бұл – жаңсақ мәлімет.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін 2-ші ақпан. Ай күнтізбесі бойынша, ақпанның – 11-і, ал қазақша ақпан айы енді 11 күннен кейін (14 ақпанда) басталады. Апта айдың басқы кезіне, яғни алғашқы он күніне дөп келіп тұр.

Ал әрбір айдың басы мен ортасында және соңында ауа райында өзгеріс болатыны бесенеден белгілі жәйт. Оны бұрынғы жұлдызшылар сан мәрте дәлелдеген. Бұл сәйкестік алдағы аптаның құбылмалы болатынын: жаңбыр да, қар да жауатынын, ашық күндер де көрініс беретінін аңғартып тұр. Біз сөз етіп тұрған аптада (2–9 ақпан) аралығында жылылық сақталады. Тек таңертеңгілік пен кешкі және түнгі мезгілдерде ызғар, суық жел байқалады.

### БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

**ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА ҚАРАП, АҚПАН АЙЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛДАР:**

- **Кешкісін аспанда жұлдыз быжынап көрінсе, қыс ұзаққа созылуы мүмкін.**
- **Қырау түспей, күн желді болса, боран соғады.**
- **Жұлдыз жымыңдаса, боран соғады, жарқыраса аяз тұрады, күңгірттенсе күн жылырақ болады.**
- **Қарағаш бұтағына қар жабысып түспесе, күн жылынады.**
- **Салқын және ылғалды болса, келер тамыз ыстық болады.**
- **Ақпан айының ортасынан ауа «Бөрі сырғақ» басталады.**

| ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 498,69 теңге | $ USD/KZT 460,51 теңге | ₽ RUB/KZT 6,53 теңге | ¥ CNY/KZT 68,18 теңге |
| --- | --- | --- | --- | --- |